Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 31 (1034)

06.08.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БРИФИНГ

86 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ борышкерлер қатарында

«ЖЕТІСУ МЕДИА» АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢЫНДА ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӨЛЕМДЕР БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ РУСЛАН АХМЕТЖАНОВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БРИФИНГ ӨТТІ.



Жиында Руслан Мейрхатұлы «Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салық төлеуі» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы сөзінше, темір тұлпар тізгіндеген 86 мыңнан астам адам борышкерлер қатарында. Жеке тұлғалардың салық міндеттемелерін дұрыс есептемеу және көлік құралдарын иеленудің нақты мерзімінің өзгеруіне байланысты артық төлемнің пайда болуын болдырмау, көлік құралдарына қате (артық) төленген салықты қайтаруға байланысты әуре-сарсаңға салуды болдырмау мақсатында ҚР «Салық кодексіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ендігі жерде, көлік тізгіндегендер осы жылдың салығын 2021 жылдың 1 сәуіріне дейін төлеуге құқылы екенін атап өткен ол заңда осы норманың 2020 жылдан бастап қолданылуы, яғни 2020 жылғы міндеттемелер бойынша 2021 жылы төлем жүргізу көзделгенін айтты.

«ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті «Салықтық әкімшілендіруді реформалау» жобасы шеңберінде «Интеграцияланған деректер базасы» ақпараттық жүйесінің «жергілікті салықтар» кіші жүйесін әзірледі. «Интеграцияланған деректер базасы» ақпараттық жүйесінің көмегімен екі жыл бойы көлік салығын есептеу жүргізілуде. Көлік салығы бойынша алдағы төлемдерді есептеу кезінде ҚР Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің (ІІМ ӘПК) мәліметтері пайдаланылғанын атап өткен жөн. Көлік құралдарына салынатын салық кезеңінің соңына дейін меншік құқығы сатып алынған айдың 1 күнінен бастап, яғни ағымдағы жылдың соңына дейін не меншік құқығы берілген айдың 1 күніне дейін нақты иелену кезеңі үшін есептеледі», – деді Руслан Ахметжанов.

Баяндамада белгілі болғандай, Алматы облысында жалпы 593 434 автокөлік құралы тіркелген, салық төлеушілердің саны 554 143 адам. Жалпы 2020 жылға есептелген салық сомасы 8 805 млн.теңгені құрайды, оның ішінде жеңілдіктері бар 25 216 адам 536 млн.теңгеге босатылды (*жеңілдіктер - алтын алқа белгісі бар, мүгедектер, жеке шаруа қожалықтары, еңбек ардагерлері және оған теңестірілген тұлғалар*).

Жеке тұлға көлік салығын мүлдем төлемеген немесе толық төлемеген жағдайларда, салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлғаның қарызын өндіріп алу туралы салық бұйрығы шығарылып, белгіленген тәртіппен атқару органдарына жібереді. Жеке сот орындаушы – борышкерден оның қызметі үшін өндіріп алынған қарыз сомасының 25 пайызына дейін өндіріп алады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ!

БІР МИЛЛИОН теңгенің сертификаты берілді

Еліміздің 19 миллионыншы тұрғыны Жәния Азаматқызының өмірге келуіне байланысты өңір басшысы Амандық Баталов сәбидің ата-анасы, Іле ауданының тұрғындары Нұрғалиевтар отбасына құттықтау хат жолдады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



«*Қазақстанның 19 миллионыншы тұрғыны Жания Азаматқызының Жетісу жерінде, сіздердің отбасыларыңызда өмірге келуімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – ел тәуелсіздігінің 30 жылдығындағы айтулы оқиға, бір отбасының ғана емес, барша жұртшылықтың қуанышы. Осы ақжолтай сүйінші хабарды Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жариялаған сәтте оны, әсіресе, жетісулықтар зор ризашылықпен қабылдады. Осыдан небары төрт жыл бұрын біздің Алматы облысында мемлекетіміздің 18 миллионыншы тұрғыны Мүслима Саматқызы дүние есігін ашқан еді. Міне, аз ғана уақытта еліміз демографиялық өсімнің нәтижесінде 19 миллионыншы межеге жетіп отыр. Бұл - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің, халықтың болашаққа деген зор сенімінің айқын көрінісі. Барша жетісулықтардың атынан кішкентай сәбидің аман-сау ер жетіп, елдің абыройлы азаматы болып өсуіне тілектестік білдіремін! Отбасыларыңызға бақ-дәулет, ұрпақтарыңызға жарқын өмір тілеймін. Ел ішінің тыныштығы мен берекесі нығайып, халқымыздың ырысы арта берсін!*» –делінген құттықтау хатта.

Қазіргі таңда Алматы облысындағы тұрғындар саны 2 миллионнан асады.

Сонымен қатар Амандық Ғаббасұлы желідегі парақшасы арқылы да Нұрғалиевтер отбасын құттықтап, суретін жариялады.

Еліміздің 19 миллионыншы тұрғыны болып өмірге келген Жәния Азаматқызының отбасына бір миллион теңгенің сертификаты берілді.

Облыс әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, Жәния Азаматқызы Алматыдағы перинаталдық орталықта салмағы 4160 кг, бойы 57 см болып дүние есігін ашты. Сәбидің әкесі Азамат Нұрғалиев 39 жаста болса, анасы Назгүл Көбентаева 35 жаста. Жәния – шаңырақтағы төртінші қыз.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ОБЛЫС ӘКІМІ АМАНДЫҚ БАТАЛОВ ЖАҢАДАН САЙЛАНҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ – ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЖАҢАДАН САЙЛАНҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Өңір басшысымен кездесуге сайлауда ел сеніміне ие болған екі әйел әкім – Ақсу ауданы Ойтоған ауылдық округінің әкімі Венера Берікова, Сарқан ауданы Аманбөктер ауылдық округінің әкімі Шырынгүл Нұрханова, ең жас әкім ретінде Қарасай ауданы Елтай ауылдық округінің әкімі Біржан Махатов, сол сияқты Талғар ауданы Панфилов ауылдық округінің әкімі Серік Шалов, Талғар ауданы Бесқайнар ауылдық округінің әкімі Арман Жабаев келді.

Сонымен қатар аудан басшылары мен басқа да жаңа сайланған округ әкімдері жиынға бейнебайланыс арқылы қосылды.

Алдымен жаңа лауазымға ие болған округ әкімдерін сайлануларымен құттықтаған облыс әкімі олардың жұмыстарына сәттілік тіледі. Және бірқатар міндет-мақсаттарға тоқталды.

– *Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қазақстандық қоғамды демократияландыру мақсатында әкімдер сайлауы өтіп, сайлауда халық сеніміне ие болдыңыздар. Біздің облыста 71 округте сайлау өтті, соның 37-сінде әкімдер өзгерді. Мен барлық әкімнің өмірбаянын қарап шықтым, бәрінің тәжірибесі бар, білімді азаматтар, яғни кадрлардың сапалық құрамы жақсы. Облыста жалпы саны 742 елді мекен бар. Оның әрқайсысына баруға біздің уақытымыз да, мүмкіндігіміз де бола бермейді. Сондықтан сол өңірлердегі жағдай қандай, халықтың қандай өтініш-тілегі бар, соның барлығын біліп, шешімін күткен мәселелер болса, бізге жеткізіп, бірлесіп жұмыс істеуіміз керек. Өңірлердегі жұмысқа жаңаша көзқарас қажет, әр істе бастамашы болу керек. Аймақтарда су, жол, үш ауысымды мектептер, басқа да өзекті мәселелер көтеріліп жатады. Солардың әрқайсысын жіті зерделеп, мән-жайдан хабардар болып, шешімін қарастыру керек. Елді мекендерде тұрмыстық қатты қалдықтарды бей-берекет тастауға жол берілмеуі тиіс. Газдандыру ісіне де ерекше назар аудару керек. Бізде атқарылып жатқан жұмыс көп, оны да халыққа жеткізіп айтыңыздар.*

Ауылдық жерлерде шаруашылықтар субсидия алды ма, қай өңірлерге сервистік дайындау орталығын құру керек, қай аймаққа техника қажет, қай ауылда жағдайы төмен қанша отбасы бар, осының барлығы сіздердің жіті назарларыңызда болуы керек. Округтерге бөлінген бюджет қаражаты тиімді пайдаланылуы тиіс. Біз жаңа округ әкімдерінен жаңды жұмыс, тың бастамалар күтеміз. Өзара бірлесіп атқарғанда ғана жұмысымыз нәтижелі болады, – деді А. Баталов.

Мұнан соң Ақсу ауданы Ойтоған ауылдық округінің әкімі Венера Берікова 14 жылдан бері мемлекеттік қызметте жүргенін тілге тиек етіп, өзі туған өңірдің дамуына атсалысып келе жатқанын айтты. Ол енді округ әкімі ретінде туған жеріне қызмет етпек.

Ал әскери салада біраз жыл еңбек етіп, тәртіп пен табандылыққа төселген маман, Талғар ауданы Панфилов ауылдық округінің әкімі Серік Шалов өз сөзінде ел сенімін ақтап, халыққа адал қызмет ететінін айтты:

– *71,9 пайыз дауыс жинап, ел үмітін арқалап әкімдік қызметке кірістім. Әскери адам ретінде нәтижеге жұмыс істеуге бар күш-жігерімді жұмсаймын. Қазір сайлауалды бағдарламаны орындауға, халықтың талап-тілегін іске асыруға өңірдегі ақсақалдар кеңесі, қоғамдық кеңес сияқты қоғамдық ұйымдармен бірлесіп кірісіп жатырмыз. Елдің сенімін ақтап, көптің игілігіне қызмет ететініме сендіремін*, – деді С.Шалов.


Жиынды қорытындылаған Амандық Баталов аудан, қала басшыларына және ауылдық округ әкімдеріне Елбасы мен Президент тапсырмаларына орай міндеттер жүктеп, жұмыстарының жемісті болуына тілектестігін білдірді.

Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БІЛІМ

Қазақстанда жаңа оқу жылының басталуы мен каникул датасы бекітілді. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов 2021 жылы 27 шілдеде «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және демалыс кезеңдері туралы» бұйрыққа қол қойды.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ КАНИКУЛ: ОҚУШЫЛАР ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ



Құжатта 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мерзімдері айқындалды.

2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2021 жылдың 1-7 қарашасы аралығында), қысқы каникул – 11 күн (2021 жылдың 30 желтоқсаны мен 2022 жылдың 9 қаңтары аралығында), көктемгі каникул – 12 күн (2022 жылдың 19-30 наурызы аралығында);

1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылдың 7-13 ақпаны аралығында). Құжат 2021 жылдың 9 тамызында күшіне енеді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КӘСІБІ –НӘСІБІ

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕТЕТІН АВТОРЛЫҚ КУРС

Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, Талдықорғанда кәсіпкер мемлекеттің қайтарымсыз грантына ағылшын тілін оқытатын орталық ашты. Өткен жылдың қазан айынан бері 52 қатысушы курсты аяқтаған.

«EnglishNext2you» ағылшын тілі бойынша авторлық курсының иесі кәсіпкер Райгүл Желдібаева. Ол аударма ісінің маманы, гуманитарлық ғылымдар магистрі. Erasmus+ халықаралық бағдарламасының екі дүркін стипендиаты. Соңғы бес жыл бойы халықаралық қатынастар саласында Жетісу университетінде қызмет атқарған. Жеке кәсіппен айналысу себебін былай түсіндіреді.

«*Халықаралық қатынастар саласында жұмыс жасаған уақытта шетелде көптеген іс-тәжірибеден өттім. Испания, Кипр, Венгрия, Түркия болдым. Онда шет тілін үйретудің көптеген методикасымен танысып, ағылшын тілін үйретудің авторлық курсын құруды мақсат еттім. Шет тілін үйренушілер үшін ыңғайлы және нәтижелі болатын бағдарлама маңызды. Сондықтан өткен жылы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына жүгініп, қажетті кеңестерді алдым. Кәсіпкерлік негіздеріне оқытатын «Бастау Бизнес» жобасына жазылдым. Оқуымды сәтті аяқтап, сертификат иемдендім. Комиссия мүшелерінің алдында бизнес-жобамды ойдағыдай қорғап, 555 600 теңгелік қайтарымсыз грантқа ие болдым»*, – деп атап өтті кәсіпкер.

Авторлық курс оқушыларға тілді бірден IELTS ағылшын тілінің халықаралық тестілеу жүйесіне бейімдеп үйретуге бағытталған. Кәсіби бағдарланған ағылшын тіліне мектеп оқушылары, студенттер мен ересектер қатыса алады. Курс қатысушылары ағылшын тілінде сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу дағдыларын шыңдайды. Бүгінгі таңда 52 қатысушы курсқа қатысып, сертификат алған. Кәсіпкер болашақта ағылшын тілін үйретумен қатар, шетелдік ЖОО түсу бойынша қызмет түрін енгізуді жоспарлауда.

Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне 2,5 мыңнан астам жұмыссыз және жас кәсіпкер оқытылған. Жоба бойынша өткен жылы және биыл оқытылғандарды ескергенде 900-ге жуық бизнес-жоба гранттық қаржыландыру мен жеңілдетілген несие алды.



Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОФИЦИАЛЬНО

Касым-Жомарт Токаев направил телеграмму президенту Турции, передает Tengrinews.kz. Об этом в Facebook сообщил пресс-секретарь Главы государства Берик Уали.

ТОКАЕВ НАПРАВИЛ ТЕЛЕГРАММУ ЭРДОГАНУ

«Президент Казахстана направил РеджепуТайипуЭрдогану телеграмму с выражением сочувствия по поводу беспрецедентных пожаров в Турции, нанесших существенный ущерб экономике страны, туристическому бизнесу и благополучию граждан», — говорится в сообщении.

Глава государства отметил, что Казахстан готов оказать посильную гуманитарную помощь братскому турецкому народу, а также пожелал Президенту Эрдогану успехов в борьбе против постигшего его страну бедствия. Ранее сообщалось, что природные пожары продолжают бушевать в шести провинциях Турции, однако ситуация постепенно улучшается. Более 50 других лесных пожаров, вспыхнувших со среды в условиях сильного ветра и палящей жары, были потушены.

Напомним, многочисленные очаги возгорания были зафиксированы в 17 разных провинциях страны. Пожары уже добрались до населенных пунктов Гюверджинлик в районе Бодрума, Дидиме в провинции Айдын и Еникей в Аланье. Экстренные службы продолжают бороться с огнем в районах Аксеки провинции Анталья, Силифке провинции Мерсин, Караисали провинции Адана, Пос провинции Османие и Яхьялы провинции Кайсери. Власти приступили к эвакуации местных жителей и туристов из отелей в районе Мармариса. Отметим, что казахстанские студенты и преподаватели, которые в эти дни находятся в Турции, помогли пострадавшим от пожара жителям турецкой Антальи.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

РАБОТУ ВСЕХ ОРГАНИЗАЦИЙ ПРИОСТАНОВЯТ В 5 ГОРОДАХ

В пяти городах Казахстана со 2 августа будет прекращена деятельность всех предприятий и организаций, не участвующих в проекте Ashyq. Об этом говорится в постановлении главного санитарного врача страны ЕрланаКиясова, передает Tengrinews.kz.

Главный санитарный врач постановил в городах Нур-Султане, Алматы, Шымкенте, Атырау и Караганде со 2 августа 2021 года: «Приостановить деятельность всех предприятий и организаций вне зависимости от форм собственности, не участвующих в Ashyq, за исключением центральных госорганов, акиматов, правоохранительных органов, организаций здравоохранения, СМИ, продуктовых магазинов, аптек и организаций жизнеобеспечения, а также организаций, указанных в подпункте 4) настоящего пункта», — говорится в документе.

Также запрещается проведение зрелищных, спортивных и других массовых мероприятий, а также семейных, памятных мероприятий. ЕрланКиясов постановил: сохранить дистанционную форму работы для 80 процентов сотрудников государственных органов (организаций), офисов, национальных компаний и иных организаций (за исключением вакцинированных и переболевших в течение последних 3 месяцев).

Допускается вне проекта Ashyq: проведение строительных работ; деятельность промышленных предприятий; оказание бесконтактных услуг (автомойки, ремонт автомобилей, бытовой техники, часов, телефонов, компьютеров, обуви, швейные ателье, прачечные, химчистки, изготовление ключей, услуги по принципу дом быта и пр.), деятельность цветочных магазинов, фотосалонов; деятельность туристических компаний, бизнес-центров, отдельных видов деятельности (страховые компании, услуги адвоката, нотариуса, бухгалтера и консалтинга, агентства по недвижимости, рекламные агентства, судебные исполнители, обменные пункты, ломбарды, банки, отделения АО «Казпочта» и т. п.); деятельность объектов общественного питания только на вынос и доставку.

Кроме того, в новом постановлении появилось определение «темно-красной» зоны. Полная версия постановления доступна по ссылке.

НОВОСТИ

КОМАНДИРОМ ЭКИПАЖА ВПЕРВЫЕ СТАЛА ЖЕНЩИНА

Старший лейтенант Ардана Ботай совершила первый самостоятельный вылет в качестве командира экипажа многофункционального истребителя Су-30СМ. Практический экзамен на допуск к самостоятельному вылету принимал главнокомандующий Силами воздушной обороны ВС РК генерал-лейтенант авиации Нурлан Орманбетов. Об этом сообщает пресс-служба министерства обороны РК.



«Впервые в истории Вооруженных Сил Республики Казахстан самостоятельно в качестве командира экипажа на боевом самолете Су-30СМ вылетела женщина. Необходимо отметить хорошую подготовку, ее стремление быть на высоте, выполнять задачи по охране воздушных рубежей нашего государства в качестве летчика-истребителя. Она доказала, что женщины в боевой авиации наравне с мужчинами могут выполнять сложные задачи», — сказал генерал-лейтенант авиации НурланОрманбетов.

Единственная в Казахстане женщина — летчик боевой авиации служит в Карагандинской авиабазе. В течение нескольких месяцев АрданаБотай проходила специальное обучение на авиационной базе города Талдыкоргана.

«Самостоятельное пилотирование Су-30СМ для меня большой шаг в профессиональном становлении. Сейчас я поставила перед собой цель улучшать технику и нарабатывать навыки, чтобы в дальнейшем по программе подготовки быть допущенной к боевому применению по наземным, воздушным целям и групповым полетам», — поделилась планами на будущее АрданаБотай.

Су-30СМ — многофункциональный истребитель поколения 4++. Самолет способен действовать в любых погодных условиях, днем и ночью, предназначен для ведения воздушной разведки, уничтожения воздушных, наземных и морских целей. Для того, чтобы получить допуск к полетам на сверхманевренном истребителе летчики в течение нескольких месяцев проходят теоретические занятия, тренируются на специальном тренажере Су-30СМ, вылетают в качестве штурманов. Успешно сдав многочисленные зачеты и экзамены, получают допуски к самостоятельным полетам.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

Состоялось заседание Регионального совета

По сообщению пресс службы областной палаты предпринимателей, на площадке областной Палаты предпринимателей состоялось заседание Регионального совета по экспорту Алматинской области.



Очередное заседание совета было организовано Управлением предпринимательства и индустриально-инновационного развития, в котором приняли участие вице-министр торговли и интеграции КайратТоребаев, заместитель акимаАлматинской области СерикТурдалиев, генеральный директор АО «QazTrade» АзаматАскарулы, директор Палаты предпринимателей Алматинской области Асет Шаяхметов, заместитель руководителя Управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития Алмат Бакиров, руководитель отдела индустриально-инновационного развития Управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития Мейрамгуль Шакирова, а также представители государственных органов и предприятий-экспортеров.

Члены совета и участники заседания были презентованы основные направления деятельности и меры государственной поддержки АО «QazTrade», озвучен проект региональной экспортной стратегии.

Как стало известно, в прошлом году 24 предприятия региона получили возмещение части затрат на сумму более 500 млн тенге, а также в первом полугодии 2021 года шести компаниям оказали поддержку на сумму 370 млн тенге. 10 компаний имеют золотые аккаунты на торговой площадке Alibaba и 5 компаний являются участниками экспортной акселерации.

Генеральный директор АО «QazTrade» АзаматАскарулы отметил, что нацкомпаниявыступает единым окном для экспортеров и оказывает все необходимые нефинансовые меры государственной поддержки, включая предоставление аналитической поддержки, проактивное взращивание экспортных компетенций в рамках акселерационной программы и вывод на международные электронные торговые площадки. Также экспортерам начали оказывать поддержку по вопросам логистики и предоставлять сервисные меры господдержки.

«Мы сформировали необходимый спектр нефинансовый поддержки производителей отечественной продукции, начиная от диагностики компании и оценки ее экспортных возможностей, до предоставления качественной аналитики и консалтинговых услуг. В рамках второго этапа Программы экспортной акселерации в текущем году будет отобрано еще 100 предприятий различных отраслей экономики, которые смогут пройти углубленное обучение и подготовку, а также предоставить свою продукцию на мировой арене», - сказал в своем выступлении глава «QazTrade» АзаматАскарулы.

Также планируется реализация образовательной программы QazTradeAcademy, расширение возможностей инструментов по возмещению части затрат и сервисных мер поддержки.

В ходе вопросов и ответов представители компаний озвучили вопросы по возмещению части затрат, задали вопросы по мерам государственной поддержки.

По итогам заседания было местным исполнительным органам, АО «QazTrade» было рекомендовано продолжить работу по продвижению экспорта, поддержке экспортоориентированных производств в регионе.

ЭКОНОМИКА

АВТО НУЖНО ВЫВЕЗТИ ДО 30 СЕНТЯБРЯ

Сроки нахождения на таможенной территории Евразийского экономического союза распространяются на автомобили и другие транспортные средства, временно ввезенные из иностранных государств физическими лицами для личных нужд. Об этом сообщили в Комитете государственных доходов Министерства финансов РК, передает МИА «Казинформ».

Такие сроки установлены решением Совета Евразийской экономической комиссии от 5 апреля 2021 год № 25.

Указанным Решением также приостановлено течение 18-месячного продленного срока в связи с пандемией, когда возможен льготный беспошлинный ввоз на таможенную территорию союза личного имущества иностранными гражданами, получившими статус лица, переселившегося на постоянное место жительства в союз, беженца, вынужденного переселенца.

В случае невывоза транспортных средств до 30 сентября таможенные пошлины и налоги будут подлежать уплате в полном объеме.

ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО

ОБ УПЛАТЕ НАЛОГА НА ИМУЩЕСТВО В 2021 ГОДУ

Оплата налогов — важный пункт в функционировании государства. В 2021 году были внедрены определенные изменения для физических лиц, коснувшиеся имущества и земли. О том, за что именно казахстанцы будут платить налоги, читайте в материале Нурфин.

Налоговые платежи являются обязательными для всех граждан государства, за исключением льготных категорий лиц. Налоговые платежи взимаются с граждан по разным направлениям: ИПН — индивидуальный подоходный налог, налог на транспорт, налог на землю, имущество и так далее.

За счет этих налоговых поступлений пополняется государственный бюджет. А далее из этого бюджета выделяются средства на различные социальные и экономические программы. А за неуплату налогов могут применяться определенные санкции: пеня, арест счетов, запрет на выезд за границу и даже конфискация автомобиля.

О том, что следует знать казахстанцам о налоговых платежах в 2021 году, сообщили в Комитете государственных доходов РК.

Ранее казахстанцы платили отдельно по налогам на землю и имущество, включая жителей многоквартирных домов. То есть приходило две квитанции с разной суммой. Теперь с начала 2021 года эти налоги объединили для удобства самих налогоплательщиков — оплачивается единый налог на имущество.

Налог на имущество физических лиц — это налог на жилища, здания, дачные постройки, гаражи и другие строения, сооружения, помещения. То есть, если что-то из этого есть у вас в праве собственности, то вы оплачиваете налог на это имущество. Если вы имеете доли в имуществе или в земельном участке, то соответствующий налог будет начисляться пропорционально вашим долям.

Напомним, что жителей многоквартирных домов освободили от земельного налога. То есть платить налог на землю за 2020 год жителям квартир не нужно.

Оплачивается только налог на имущество, который будет указан в квитанции. Но стоит учитывать, что если житель квартиры имеет еще и отдельный земельный участок, то за него нужно оплачивать земельный налог. А владельцы частных домов получат одну квитанцию по налогам вместо двух. При этом в квитанции налог будет являться суммой земельного и имущественного налогов.

Узнать сумму налога за 2020 год можно с помощью мобильного приложения «E-salyqAzamat». Он будет отображаться в разделе «Предстоящие платежи» до 1 октября 2021 года — это крайний срок уплаты налога на имущество.

Следует помнить, что предстоящие платежи — это не налоговая задолженность. А сама задолженность может появиться в том случае, если налог не будет оплачен до указанной даты. Ранее мы рассказывали о том, как проверить платежи по транспортному налогу.

Полосу подготовил Шора ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АСЫЛАҚЫН ҚАЛИЕВ – 100

ТАЛДЫҚОРҒАН ӨЗ АЛДЫНА ОБЛЫС БОЛЫП ТҰРҒАНДА «ЖЕТІСУДЫҢ ЖЕТІ АҚЫНЫ» ТУРАЛЫ МАҚАЛА ЖАЗҒАН ЕДІМ. ОЛАР АЙЫРКӨМЕЙ, ЖЫРШЫ- ЖЫРАУ МҰҚАШ БАЙБАТЫРОВ, ТЕМІРҒАЛИ РҮСТЕМБЕКОВ, АРТЫҚ ЖЕКСЕНБЕКОВ, ӘБІКЕН САРЫБАЕВ, ӘСЕТ КЕРІМБАЕВ, АБАЙ АСЫЛБАЕВ ЖӘНЕ МАҚАЛАҒА АРҚАУ БОЛЫП ОТЫРҒАН АСЫЛАҚЫН ҚАЛИЕВ ТУРАЛЫ БОЛҒАН. ОСЫ ЖЕТІ АҚЫННЫҢ ЖЕТЕУІ ДЕ ЖЫРҒА ЖЕЛМАЯДАЙ ЖЕЛІП, АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ АЙТЫСТА АЙШЫҚТЫ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН САҢЛАҚТАР ЕДІ.

ӘРУАҒЫН АУНАТПАЙТЫН, ТІРІСІН ТҮГЕНДЕМЕЙТІН «БАЙСУАҚЫДАР»

«Панфилов ауданы, Еңбекші ауылында 1921 жылы дүниеге келген Асылақын Қалиев ақпа-төкпе адуынды ақын болған. Жалпы Жетісу айтыс ақындарының мінездерінде бір-біріне деген ұқсастық барын айтыстарынан, олар жайлы айтылған аңыз-әңгімелерден аңғаруға болады. Мәселен, Әбікен Сарыбаевқа 18 жыл ұстаздық еткен Қалқа Жапсарбаев туралы ақын Сәкен Иманасов мынандай мінездеме берген-ді.

«*Облыстық ақындар айтысы болатын болды. Ол кезде қазіргідей айтыс дамымаған, ілуде бір болатын айтысқа партия хатшылары мен идеологияға жауапты адамдар елден айтыскер ақын іздеп сабылатын. Онда да көнекөз ақындар табылса табылды, табылмаса өлеңге бейімі бар жазба ақындарды айтысқа күштеп қосатын. Содан Алакөлде айтыскер жоқ, мені айтысқа қатысатынымды айтты. Қарсыласым халық ақыны Қалқа Жапсарбаев екен. Танысуға бардым, мінезі ала -құйын, тістеп сөйлейтін қиқар шал, мені менсінбеген-ді. Қалқадан тәлім алған Әбікен Сарыбаевтың да мінезі бірде-көл, бірде шөл. Айтқанынан қайтпайтын бірбеткей. Бірде Кербұлақ ауданының орталығына облыстың бірінші хатшысы Тыныбаев ауыл шаруашылығының көрмесіне келетін болыпты. Жергілікті биліктен нақты қаражатына көлік сатып ала алмай жүрген Әбікенге бұл көктен іздегені, жерден табылғандай болып, Тыныбаевпен жүздесуге қарекет жасамақ болады. Онысын ұзынқұлақтар арқылы сезіп қойған ауданның бірінші хатшысы Айтақын Алпысбаев: «Сарыбаевты көрмеге жақын жолатпандар» деген тапсырма береді ғой. «Қисықты көр ғана түзейді» демекші, Әбікенді аңдып, жолатпаймыз дегендердің аузын аңқитып, Тыныбаев көрмені аралап келе жатқанда домбырасын қолына алып, ахаулатқан Әбікен бұйымтайын хатшыға өлеңмен айтып үлгеріпті және өзіне қысым көрсеткен аудан атқа мінерлерін бір түйреп өтеді. Әбікеннен тәлім алған Әсет Керімбаевта ұшып-қонып тұрған қызу қанды ақын еді. Асылақын Қалиев та мінезден құр алақан болмапты. Екі мәрте айтысқан Әбікеннің айтуынша басын шыбындаған жылқыдай жұлқып отырып айтысатын Асылақынның тілі адамды оттай қарып, түйнек тигендей аунататын шатақ болған дескеді. Оны Асылақын ақынның айтыста айтқан шымшымаларынан аңғаруға болады*».

Республика астанасы Алматыда Мұхтар Әуезовтің ұйытқы болуымен республикалық ақындар айтысы өтеді. Сол жыр додасында Талдықорған облысының намысын қорғаған Асылақын Қалиев, Тоқбай Исабеков, әнші, Қазақстанның халық әртісі Дәнеш Рақышев барыпты. Асылақын Қалиев Алматы облысының ақыны, (марқұм Нұртілеу Иманғалиевтің әкесі) Иманғали Мысықов пен айтысады. Айтыстың шарты бойынша бір-бірінің ауылдарын күні бұрын аралап, кемістіктерін тізбелеген ақындар сахнада табысады. Асылақын да Алматыдағы «Максим Горкий паркіне» бой жазып серуендеуге шыққанда «екі ғашық» адамдар отыратын орындықта ұйықтап жатқанын көріп, әрі саябақта жүрген жастардан «нан қайда өседі» десе, «ағашта өседі» деген мысқылын естіп, сол жылдары интернаттағы балаларда «қышыма-таз» кеселдері өршігенін және құрылыс саласының ақсап тұрғанын айтыста тіліне тиек етіпті.

«Алматы атың шыққан астанасың,
Мен қалай айтпай кетем масқарасың.
Көшеңде адам тонар жөлігің көп,
Сен қайтып он тоғыз облысты басқарасың» - дегенде, Мұрат Әуезов орнынан тұрды дегенді айтысқа бірге барған марқұм Тоқбай Исабековтің аузынан естігем. Одан әрі қарсыласын тықсырып:

«Ә, Мысықов, Мысықов,
Неге отырсың қысылып,
Түндегі ішкен арақтан,
Қалдың ба екен ұшынып,
Құрылысты жүргізбепсің талап қойып,
Әр жерге бір діңгегін қадап қойып.
Есіңе өткен ісің сонда түсер,
Алдыңа бір жартылық арақ қойып»,– дей келе,

«Алматы Алатауым атамекен,
Кемшілігі жаныңа батады екен.
«Максим Горкий» паркінде кешке қарай,
Қыз-жігіт екі-екіден жатады екен.
Алматы жасыл жаз екен,
Ән менен күй, саз екен,
Нан қайда өседі десеңіз,
Ағашта өсіп тұр – дейді.
Ақылды жастар аз екен.
Кеселі кеткен асқынып,
Балалары шетінен,
Қышыма-қотыр таз екен» – деп төпелетті деп еді. Ол дәуірде мынандай сын айту ескерусіз қалмайтын. Асылақынның айтқыштығын, тапқырлығын бойына біткен мінезімен салыстыруға болады. Оның аудынды ақын болғаны өзіне сор да болып жабысады. Облыс орталығында өткен үлкен айтыста, тағы Әбікен Сарыбаевпен айтысады. Кербұлақ ауданының кемшілігін шұжықтай шыжғыртып айтқан ақын ауданның бірінші хатшысы болған Айтақын Алпысбаевты да сын садағына алыпты. Артынша айтқан фактілері негізсіз деген құдалауға түсіп, ақынға облыстық газетке, аудан хатшысынан кешірім сұрап жазбаса, жазаланатын айтады. Солай болады да. Әбікен Сарыбаев Асылақынға ескерту жасап, «Сен кешірім сұрама, негізі сенің айтқандарың бәрі дәлелді. Егер кешірім сұрасаң, басыңнан бағың таяды» – дедім. Бірақ, жан-жақтан қыспаққа алғандар ақырын да ақынды, өз дегендеріне көндірді деген-ді. Әбікен ақынның айтқаны айдай келіп, Асылақын арбамен отын алуға барғанда бір-екі баланы «көмектесіңдер» ала кетіпті. Тағдырдың жазуы деген осы шығар, отын тиеген арба ауылға жақындағанда аударылып, бір бала арба астында қалып, ажал құшыпты. Басына қарабұлт үйірілген ақын, Қызықты әңгімелерін айтып, балаларды баурап алатын.

«Директор, әй, Асылақын мына дене шынықтыру сабағын сен ал» десе болды сабақ береміз. Содан бір күні мектепке комисия келді. Бәрімізді тексеріп жатыр. Кезек маған келді. Балаларды сапқа тұрғызып дене сабағында аулаға шығарып «оңға-солға» – деп жүргізіп келе жатып, әрі он бойымда толқу бар, мектепті айналатын тұсқа келгенде, «оңға-солға» дегенді ұмытып қалып сасқалақтап, «тамға» бұрыл деппін. Сөйтіп комиссиядан сөз естігем десе,тағы бірде, ауданда мұғалімдер арасына жүгіруден жарыс өтті. Соғыстан кейін елдің еңсесін көтерейік деген, әрі мұғалімдерді білім басқармалары спортқа ширықтыру мақсатында болған шара ғой. Жоқшылық кез. Жас кезім, жарысқа қатыстым, өз тұрғыластарымның арасында желаяқпын. 20-30 адамның арасында оқ бойы озып келем, көмбеге жақындағанда, жүгіргенге ыңғайлы болсын деп киіп алған кең балақты дамбалымның бауы үзіліп кетіп, сүріне-қабына, дамбалдың ышқыран қолмен ұстап, бәрібір бірінші келдім – депті. Асылақын соғыстың алдына көрген түсін айтты.

«Түс көріп жатыр екем. Әскери адам жігіттердің бәрін сапқа тұрғызып қойды. «Шагом марш» – деп сапта тұрғандардың бәрін алдына салып айдап кетті. Екі жігіт қалып қалдық. Айналама қараймын ешкім жоқ. Бұларды алып кетті, бізді неге әкетпейді-деп тұрмын. Олар ұзап кетті, біз қалып қойдық. Оянып кетсем түсім екен. Содан бір екі-ай өткен соң соғыс басталды. Менің көзімінің ақауы бар, түсімдегі қасымдағы жігіттің аяғы ақсақ еді. Екеумізді соғысқа алмады. Қалған ауылдағы жігіттердің бәрі соғысқа кетті ғой» деп ағынан жарылған Асылақын ағаның әпенделік қылығыда бар еді. «*Бірде, үй шаруасымен қорадағы малға жем-шөбін салып, шығып келе жатсам басындағы малақайым қораның маңдайшасындағы сымға ілініп қалыпты. Соны байқамай, үйге кіріп бәйбішем Гүлбаршынға «сабаққа барам, малақай қайда?» – деппін. Үйді аударып төңкеріп, бала-шаға бәрі сабылып бас киімді таппай, «бол-болдың астына алып, жер жұтып кетті ме?» деп далаға шығып тұрсам, іздеген малақайым қораның маңдайшасында ілініп қалыпты»* деп бізді бір күлдіріп еді жарықтық, жақсы адам еді деген Ысқақ Дәуіт басына бұлт үйіріліп ауылдан көшіп кетті ғой деп,ағынан жарылды.


Өзекті өртейтін өкініш туған елі, туған жері Асылақын Қалиевті бірде-бір рет елеп, ескерген емес. Ақынға арналып аудандық айтыс өтті. Оның басы-қасында сол кезеңдерде «Красный Восток» колхозының төрағасы болған Тоқтарбай Керімқұлов ұйытқы болды. «*Не 60, не 70, не 80, не 90, міне биыл 100 жылдығы да атаусыз қалды. Әруағын аунатпайтын, не тірісін түгендемейтін біз қандай елміз?»* – деген нала мұң, ашу-ыза, намыс найзағайдай жарқылдап, күндей күркірейді. Көзінің тірісінде ақынның мұралары да хатталып жиналмай қалған. Бұл тек қана Асылақын Қалиевке ғана тән емес. Сол жаркентік, Әсет Керімбаевтың да хаттап, кітап шығарамын – деп жинақтаған қол жазбасын, ақын дүниесін, марқұм дүние салған соң анасы Ерніс Әлбатыров деген азаматқа беріпті. Ол азамат қол жазбаны ұшты-күйлі жоғалтқан.

Басқа-басқа, жазу-сызу дамыған, өздері де оқып-тоқыған, сауатты қос ақынның артында тым құрса биттің қабығындай не айтыстары, не жазба поэзиялары қалмағаны, қабырғамызға батады. «Өз елі, өз ерлерін ескермесе ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп ақиық ақын Ілияс Жансүгіров айтқандай, Асылақын мен үзеңгілес болған Әбікен Сарыбаев атында Кебұлақта аудандық мәдениет үйі бар. 70-90 жылдығы облыстық ақындар айтысына ұласып, жазба ақындар арасында мүшәйра жарысты өтті. Темірғали Рүстембеков атында Талдықорғанда көше бар, Артық Жесенбековтің де есімі Қаратал ауданындағы өзі тұрған «Бесағаш» ауылындағы көшеге берілді. Атаусыз қалған Асылақын Қалиев қана. Әшейінде, «Байсуанбыз» дегенде алты қабат үзеңсін үзіп жібере жаздап, шіренетін жаркенттіктер тым құрыса аудандық газетке ақынның 100 жылдығына арнап бір жылы сөз жазатын адам таппаған ба? Кітапханаларда көрме ұйымдастырылса, ақынның отбасымен хабарласып, көзінің тірісінде тұтынған дүниелерін мұражайға орналастыратын «Байсуандар» қайда жүр? Тек қана Еңбекші ауылындағы орта мектепте және мәдениет үйінде Асылақын Қалиев туралы мағлұматты ғана көруге болады. Басқасын айтпағанда, білім саласында бар күш-жігерін сарқыған саңлаққа білім ошақтарынан бір есім бұйырмай ма? Өзі еңбек еткен Басқұншы ауылындағы Кырылов атындағы мектепті, физика математика пәнінің маманы, талай шәкірттерді баулыған Асылақын Қалиевке неге бермеске? Ақынның айтыскерлігін былай қойғанда, ағартушылық саласындағы ұшаң-теңіз еңбегін елеп-ескеруге болар еді ғой! «Жоқтаушысы жоқ, сұраушысы жоқ» дейтін емес, балалары да осы білім саласында қызмет етіп, тер төгіп жүр. Балаларына жөн сілтеп, қолдау көрсететін ақынның ел-жұрты, аудан әкімдігі, идеология мен ішкі саясаты қайда қарап отыр?....

Ақынның қол жазбаларынан жинақтап Ерғазы Манап кітап шығаруды ұсыналған отырғаннан хабарым бар. Ерғазыға мың алғыс айтамыз, бірақ, ақынның елі, жұрты аруақты қашан елеп-ескерер екен?...


Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



ЖАЛҒАН ВАКЦИНА ҚҰЖАТЫН ЖАСАҒАН дәрігерлер тұтылды

Індет өршіп барады. Үшінші, төртінші кезеңі шектік мөлшерден асып, асқынуда. Бірақ, карантин талаптарын сақтап жатқан халықты байқамайсың. Керісінше, жасырынбақ ойнағандай тығылып, той-томалақтарын өткізіп әлек. Мейрамхана қожайындары да асап қалғысы келеді. Мутацияның неше түрі болады деп дабыл қаққан Денсаулық сақтау министрі сөзіне құлақ асып, сақтық шарасын орындап жатқандар некен саяқ. Қазақстанның барлық аймағы «қызыл», «қоңыр қызыл» аймақта тұр. Халықтың карантиндік шараларын ескермегендіктен Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шүкеев мейрамханалардың әр босағасына полиция күзетін қоюда. Жалпы, республика бойынша ковидтің ахуалы әсіреп барады. Мұны Үкімет басшысы Асқар Мамин де мойындады.



«Бұрын Жемқорлық індет, оны жою міндет» деп майдан аштық. Енді «Ковит» індет, онымен күресу міндет» деп ала шапқын болып жүрміз. Індетті жеңілдетеді деген вакцина төңірегінде де алып қашпа әңгіме «қамқа тонға сіркелеген биттей, өріп жүр. Тіпті бұл жөнінде Шымкент қаласының тұрғыны жоғары маман дәрігер Айна Бакееваның әлеуметтік желіде өзіндік піркірін айтуда. «Былай тартсаң арба, былай тартсаң өзгіз өледі» демекші, вакцина алушылар екіге жарылған дәрігерлердің қайсына сенерін білмейді. Тіпті, вакцина туралы ресейлік кейбір дәрігерлердің көз қарасы екі түрлі. Сонда кімге сенеміз? Індет жұққан жағдайда жеңіл өтеді деген ақ халаттылардың және мемлекеттің тұтас халық екпе алуы керек деген міндеттемесі әуелі, мемлекеттік органдарда жұмыс істейтіндері мәжбүрлі түрде екпе салдыруға, әрі бұқараға үгіт-насихат ретінде көрсетіп бақты. Қазір жалпы халықтың басым бөлігі екпе алуда. Тіпті екінші кезеңін қабылдап жатқандар да көбейіп келеді. Алайда, «Ақыш таздың амалай» дегендей, вакцина алмаудың амалын тапқандар әрі ақша көрсе әкесінде сатып жіберетін дәрігерлер мен әкімдік қызметкерлер арасынан да табылуда. Мәселен, Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі Талдықорған қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімінің лауазымды тұлғасы болып табылатын мониторингтік топ мүшелерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің жолын кескен. Бұл қылмыстың бел ортасында мемлекеттік қызметтегі адам өзінің қарамағындағы бас маманмен сөз байласып, «Covid-19» коронавирус инфекциясымен күрес бойынша дағдарысқа қарсы шаралар кезінде адамдар көп жиналатын іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынғанына қарамастан қала рестораторлары мен сауда өкілдерінен оларға қатысты әкімшілік шаралар қабылдамау үшін жүйелі негізде 20 мыңнан 270 мың теңгеге дейін пара алған. Бизнесін тоқтатпаудың амалын қарастырған мейрамханалардың бес бірдей әкімшісі пара береміз деп қылмыстық жауапқа тартылуда. Дүниенің соңына түскендер індет ошағы адамдар көп жиналған жерден қаулаған өрттей лаулайтынын біле тұра көз жұмбайлыққа баруда.

Жалпы Алматы облысында карантин талаптарын бұзғандарға 69 млн. теңге айыппұл салынған. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, облыста жергілікті атқарушы органдар жанында 268 мониторингтік топ жұмыс істейді. Олар халықтың санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық шараларды сақтауын бақылайды дейді. Жыл басынан бері мониторинг тобы 22 мыңнан астам рейд жүргізіп, 127 мың нысанды қамтып, 1082 карантин режимінің бұзылу фактісін анықтаған. Бұлардың басым бөлігі той, қыз ұзату, құда күту, туған күн жасау және отбасылық, ұжымдық іс-шара, өткізгендер карантиндік режимді сақтамағандары үшін айыппұл арқалаған.

Енді вакцина төңірегіне ойыссақ.«Адам жанына араша» болады деген дәрігерлердің де қолдары таза болмай шықты. Вакцинацялау құжатын саудалағандар шетінен топырлап торға түсіп жатыр. Мұны да жемқорлықпен күрес агентігінің ақпаратынан алдық. *«Жалған құжаты жасаушылар, «Нұр-сұлтан» қаласы және, Ақмола мен Алматы облыстарында қолға түсіпті. Олар іс жүзінде вакцинацияланбаған адамдарға паспорт жасап, вакцинаны жерге төкендері айтылуда. Халықтың денсаулығын байытуға алынған екпелер жерге төгіліп, оған бөлінген бюджеттік қаражат желге ұшты»* – дейді жемқорлықпен күрес агенттігі. Ал, Алматы қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нариман Табынбаев ПЦР анықтамасы мен вакцина паспортын қолдан жасап сатқандарға қатысты медициналық мекемелерінде вакцина құжаттарын қолдан жасаудың екі жағдайын анықтаған. Оның біріншісі №21 емханада анықталса, екіншісі,№4 қалалық емханадан шығыпты. Бұл жағдайларды қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы өзі анықтап, істі Алматы қалалық полиция департаментіне жолдаған. «Бақсам, бақа» екен демекші, жалған вакцина мен ПЦР анықтамасын қолдан жасайтындар туристік фирмалардан да табылған. Олар қажылыққа баратын адамдардан сұранысына орай жалған құжаттар жасап беріпті. Тәжтажалдың тауқыметі мұнымен де бітпейді. Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық дәрігерлердің де көзін байлап, арандарын апандай ашуда. Жалпы республика бойынша екі күннің бірінде вакцина төңірегінде жалған паспорт жасаушылар туралы ақпарат еститін болдық. «Біреу тойға айналғанда, біреу қорадағы қойға айналып» тұрған қатерлі заманда адамдар да қорқып-үркуді қойған. Оған басты дәлел, карантиндік режимді сақтамай той-томалақ жасаса, әкелінген екпелер жөнінде бірі ауыр, бірі жеңіл өтеді деседі. Мәселен, Талдықорған қаласындағы бір азамат (*аты-жөнін айтпай-ақ қоялық)* Ресейге оқуға бару үшін «Спутник V» екпесін алыпты. Алайда, «Ресей шекарасына барғанда, бұл вакцинаны біз мойындамаймыз-деп әуре-сарсаңға салды. Сонда біздің кедендік одақтағы әріптестігіміз қайда қалды. Өздері шығарған вакцинаны мойындамаса, біз неге салдырып жүрміз» деген назын айтып қалды. Қазір халықтың екі ұдай болып екпеден үрейленіп жүргенін де осындай кереғарлықтан емес пе? Медперсоналдардың бірілі – жарымы қолға түссе, әр салада алаяқтар кездеседі дейін десең Шымкент қаласында жалған вакцина жасаған 16 медқызметкер тұтылған. Бұлар кіші қызметкерлер өздігінен ондай іске бара қоюы екіталай? Тіпті тұрақты түрде айналысқандары айтылуда. Демек топтасып қылмыс жасағандардың артында кімдер тұр. Жалған құжат жасағандар 4 жылға дейін бас бостандығынан айырылып, ал оны пайдаланғаны үшін 40 тәулікке дейін қамауға алу түріндегі қылмыстық жауапкершілік көзделгенін елдің бәрі біле бермейді. Бұл тараптан да Денсаулық сақтау министрлігі құық



базарлар мен сауда үйлерінде бетпердесіз жүргендер құмырсқадай құжынап жүр. Сотпен де, полициямен де, үркіте алмайтын дәрежеге жеттік. Адамзаттың өзіннің санасы оянып, қауіп-қатердің өршуі, адам баласын қынадай қырып жатқанын көзбен көрген дәрігерлердің өздерінің қолдары таза болмаса, кімге өкпе артқандаймыз. Әйтесе, «қызылдан қоңыр қызыл аймаққа» өттік, сақтаныңдар, вакцина алыңдар десе де жайбарақат жүрген халықты көріп қынжыласың. «Ойбай вакцина алсаң ауру жұқпайды» екен деп, емханалардың маңайында топырлап жүрген де қара халық. Осы вакцинаның төңірегінде айтылып жатқан пікірлер шын ба, өтірік пе, оған да Денсаулық сақтау министрлігі шала-құла ақпарат берген болды. Алайда, халықта не көгілдір экран арқылы нақты жауап берілмеді. Қытайдан, Арабиядан, Ресейден қорғау органдарымен бірлесіп ақпараттық жұмыстарды кеңінен насихаттауы керек-ақ. Жалған құжат денсаулықтың кепілі бола алмайтынын, бұқараға тәптіштеп түсіндіріп жатқан ешкім жоқ. Кешкі жаңалықтарда көгілдір экранда және әлеуметтік желіде қысқаша ақпараттар айтылды да, қалады. Жалпы екпе алушылар Алматы облысында барлығы 1 компоненттен 634 255 доза келіп түсіп, бүгінгі күні онымен 561 506 мың адам егілген. Екіншісімен – 406 345. Вакцина алған тұрғындар арасында мұғалімдер және медицина қызметкерлері көш бастап тұр - 38 216 және 23 380, одан кейін Ішкі істер министрлігінің қызметкерлері – 21 144 адам. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша Қазақстанда қолданылатын вакциналар коронавирустық инфекцияның Үнді, Британдық, оңтүстік африкалық және бразилиялық штаммдарына тиімді екен. Енді, 3-4 тамыздағы жағдай бойынша облыста 311 адамнан коронавиурсы анықталған. Індеті жұқтырушылар Талдықорған қаласы, Талғар ауданы Өтеген батыр ауылынан көп тіркелген.

Зертханалық орталықтарда 33 024 КВИ жағдайы тіркелген, оның ішінде 21 791 симптомдары бар. Бұл 100 мың тұрғынға шаққанда «Ковид-19» – жұқтырушылардың көрсеткіші – 1545,1 құраған. Жалпы Жетісу аймағы бойынша індеттің өсу қарқыны соңғы 2 аптада 0,7% - дан 0,9% - ға дейін артқан. Соңғы аптада ең жоғары өсу қарқыны Алакөл, Балқаш, Ескелді, Іле, Қарасай, Қаратал, Кербұлақ аудандарымен қоса және Сарқан қаласында байқалған. Соңғы тәулікте КВИ 311 жағдайы тіркеліп, өсу қарқыны – 1,0%, оның ішінде 266 симптомдық және 45 симптомсыз жағдай анықталған. Ауыздықтауға көнбей, тамырланып кележатқан Ковид індетін жұқтырғандардың, 311 жағдайының 39-ы 14 жасқа дейінгі балалар болса, оқушылар арасында 25 және студенттер арасында 1 адам тіркелген. Өңірдегі аудандар арасында, КВИ сырқаттанушылығы: Ақсу-6, Алакөл – 4, Балқаш – 4, Еңбекшіқазақ – 29, Ескелді – 4, Жамбыл – 18, Іле – 34, Қарасай – 32, Қаратал – 8, Көксу – 5, Панфилов – 12, Райымбек-2, Талғар – 36, Ұйғыр – 11, Кеген – 3, Қапшағай қаласы – 14, Талдықорған қаласы – 76, Текелі қаласы – 13, барлығы 28 126 адам, тәулігіне стационардан 24 пациент, үй оқшаулауынан 40 адам алынды. Бірінші тамыздағы облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне жүгінсек, коронавирустық инфекция белгілері бар пневмонияның 46 жағдайы және 16 өлім жағдайы тіркелген. Оған қоса 87 адам емделіп шықты. 13 наурыздан 2020 жылғы көрсеткіш бойынша: ауырған – 61301, науқастың 3756-ы ажал құшып, ал жазылып шыққандардың саны 54851 жеткен. Дәл осы 3 тамыздағы көрсеткішке зер салсақ, Қазақстанда өткен тәулікте 6177 адам коронавирус індетінен емделіп шыққан. Ал, төртінші тамыздағы эпидемиологиялық жағдай бойынша, Алакөл, Балқаш, Еңбекшіқазақ, Панфилов, Сарқан аудандарымен Текелі және Талдықорған қалалары қызыл аймақта орнығып, сары аймақта Іле, Қаратал, Жамбыл, Кербұлақ, Көксу, Ұйғыр, Ақсу аудандары тұр. КВИ және пневмония ауруы бойынша вакцина алмағандар арасында тіркелгені айтылуда. Алайда, жоғарыда айтылғандай жалған вакцина құжатын жасаушылар Алматы облысында қолға түскенін ескерсек, өршіген індетпен бірге ашкөздігін пайдаланып жүрген дәрігерлердің де жауапсыздығын көруге болады. Тағы да бір құлаққағыс, індеттің өршігенін елеп-ескермей, той-томалақ және «ас»бергендерден тапсырып қабылдаған мейрамхана қожайындары ғана айыппұл арқалап қоймайды, енді соған барған қонақтардың да әрқайсысына 80 000 теңгеден айыппұл салынатын болды.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 9 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.45 Әнұран
06.05 Д/ф «Ұлы дала дүбірі»
06.30 «Ауылдастар»
07.00 «Айдahар: БРЕК сақшысы»
08.00 «АЙНАЛАЙЫН»
09.10 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00,17.20 «Қызық екен..»
13.00 М/ф «Сүйкімді софия»
14.00,02.30 «Теледәрігер»
15.00,03.20 «Біздің полиция»
15.20,20.35 «Замандастар»
17.00,20.00,01.55 Aqparat
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.50 «Сана»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Қызық Times»
07.00 «Таңғы хабар»
10.30 «Әсем әуен»
11.30 «Тарих.Тағдыр. Тұлға.»
11.30 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА»
13.00,21.30 Т/х «Сырлы қала»
16.00, 23.30 «ГОСУДАРСТВЕННАЯ ГРАНИЦА». «АФГАНСКИЙ КАПКАН»
18.00 «ОХОТНИКИ НА ВЕДЬМ»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен»
20.45 «Как боролись с пандемией в Казахстане»
21.00 Итоги дня
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.20, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛТ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Made in Ұят»
15.30 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
20.30 «Қазақы карантин»
00.40 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,02.50 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.20 «Басты жаңалықтар»
19.00 «БОЛЬШОЕ НЕБО »
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «ВЕЛИКОЛЕПНАЯ ПЯТЕРКА-2»
00.30 «Коготь из МАВРИТАНИИ»
01.30 П@утина

КТК

07.05«Өмір сабағы »
08.10 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.50 «Дорога, ведущая к счастью»
11.40 «САШИНО ДЕЛО»
16.00, 01.30 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ»
18.00 «Екінші әйел»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.35 «В плену у прошлого»
23.45 «Стажеры»
02.35 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Әкелердің әңгімесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
13.00 «Олжа»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Суреттегі қаһарман»
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (73-74 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.00 Ризамын
06.30 «Әзілдер күнделігі»
08.40, 17.00 «Экстрасенсы-детективы»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30 Сериал «Қырсық Ханзада»
14.00 «Планета 51»
16.00 «ВОСЬМИДЕСЯТЫЕ!
18.00 «На расстоянии удара»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «Таинственный сад»
22.20 «ГЛУБОКОВОДНЫЙ ГОРИЗОНТ»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Орел и решки»
11.00 «Средь бела дня»
13.00 «Бастық боламын»
14. 00, 02.15 «Q-елі»
16.00 «ТАЙНАЯ ЖИЗНЬ МОЕГО СЕКРЕТАРЯ»
17.00 Сериал «ИП ПИРОГОВА-2»
18.00 «ВЫБОР МАТЕРИ»»
19.00 «Студия 7»
19.30 «ЧЕРНАЯ ЛЕСТНИЦА
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.00 « САМЫЙ ПЬЯНЫЙ ОКУРГ В МИРЕ»

ХАБАРЛАНДЫРУ

Республикалық «Райымбек батыр» қоғамдық бірлестігі жарғысының жоғалуына байланысты жарамсыз деп саналсын.

Сейсенбі - Вторник, 10 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Ұлы дала дүбірі»
06.30, 17.00,20.00,01.55 Aqparat
07.05 «Абайдың жолы»
07.20 «Күміс көмей»
08.10 «ҚҰНАНБАЙ»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00 «Адамзаттың алыбы - хәкім Абай»»
13.00 М/ф «Сүйкімді софия»
14.00,02.30 «Теледәрігер»
15.00 «Абай» Д/ф.
15.20,20.35 «Замандастар»
17.20 «Абай мектебі»
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.50 «Сана»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Қызық Times»
07.00 «Таңғы хабар»
10.30 «Әсем әуен»
11.30 «Тарих.Тағдыр. Тұлға.»
11.30 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА»
13.00,21.30 Т/х «Сырлы қала»
16.00, 23.30 «ГОСУДАРСТВЕННАЯ ГРАНИЦА». «ЛОЖНАЯ ЦЕЛЬ»
18.00 «НЕЧТО»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен»
20.45 «Как боролись с пандемией в Казахстане»
21.00 Итоги дня
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.20, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛТ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Made in Ұят»
15.30 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
20.30 «Қазақы карантин»
00.40 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
08.00 «Доброе утро»
10.00 «БЕРЕЗКА»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,02.50 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.20 «Басты жаңалықтар»
19.00 «БОЛЬШОЕ НЕБО »
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «ВЕЛИКОЛЕПНАЯ ПЯТЕРКА-2»
00.30 «Коготь из МАВРИТАНИИ»
01.30 П@утина

КТК

07.05«Өмір сабағы »
08.10 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.50 «Дорога, ведущая к счастью»
10.00 НОВОСТИ
10.35 «ТЫ ПОМНИШЬ, КАК ВСЕ НАЧИНАЛОСЬ»
11.30, 23.40 «Стажеры»
16.00, 01.30 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ»
13.50, 21.35 «В плену у прошлого»
18.00 «Екінші әйел»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
02.35 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 К/ф «Оралу»
16.10 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 Д/ф «Кең ауқымда»
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (75-76 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.00 Ризамын
06.30 «Әзілдер күнделігі»
08.40, 16.30 «Экстрасенсы-детективы»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
16.00 «КУХНЯ-3»
17.40 «КАРАТЕЛЬ»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «Таинственный сад»
22.20 «РЕЙДЕР»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,18.00 Т/с «Выбор матери»
11.00, 19.30 «Черная лестница»
13.00 «Бастық боламын»
14. 00, 01.30 «Q-елі»
16.10 «Тайная жизнь моего секретаря»
17.00 Сериал «ИП ПИРОГОВА-2»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.30 « Анна –детектив»

Сәрсенбі - Среда, 11 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Ұлы дала дүбірі»
06.30 «Ауылдастар»
07.00 «Айдahар: БРЕК сақшысы»
08.00 «АЙНАЛАЙЫН»
09.10 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00,17.20 «Қызық екен..»
13.00 М/ф «Сүйкімді софия»
14.00,02.30 «Теледәрігер»
15.00,03.20 «Біздің полиция»
15.20,20.35 «Замандастар»
17.00,20.00,01.55 Aqparat
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.50 «Сана»

ХАБАР

06.00 «Қызық Times»
07.00 «Таңғы хабар»
10.30 «Әсем әуен»
11.30 «Тарих.Тағдыр. Тұлға.»
11.30 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА»
13.00,21.30 Т/х «Сырлы қала»
16.00, 23.30 «ГОСУДАРСТВЕННАЯ ГРАНИЦА». «СМЕРТЕЛЬНЫЙ УЛОВ»
18.00 «КРАСНЫЕ ОГНИ»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен»
20.45 «Как боролись с пандемией в Казахстане»
21.00 Итоги дня
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.20, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛТ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Made in Ұят»
15.30 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
20.30 «Қазақы карантин»
00.40 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
08.00 «Доброе утро»
10.00 «БЕРЕЗКА»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,02.50 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.20 «Басты жаңалықтар»
19.00 «БОЛЬШОЕ НЕБО »
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «ВЕЛИКОЛЕПНАЯ ПЯТЕРКА-2»
00.30 «Коготь из МАВРИТАНИИ»
01.30 П@утина

КТК

07.05«Өмір сабағы »
08.10 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.50 «Дорога, ведущая к счастью»
10.00 НОВОСТИ
10.35 «ТЫ ПОМНИШЬ, КАК ВСЕ НАЧИНАЛОСЬ»
11.30, 23.40 «Стажеры»
16.00, 01.30 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ»
13.50, 21.35 «В плену у прошлого»
18.00 «Екінші әйел»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
02.35 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 Д/ф «Кең ауқымда»
11.00 «Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 К/ф «Криш 3»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.24 Ауа райы
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 Д/ф «Кең ауқымда»
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (77-78 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Әзілдер күнделігі»
07.20, 20.00 Информбюро (повтор)
08.40, 17.00 «Экстрасенсы-детективы»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.00 Сериал «Қырсық Ханзада»
14.00 «ВОСЬМИДЕСЯТЫЕ»
15.50 «КУХНЯ-3»
18.10 «РЕЙДЕР»
20.00 Информбюро
21.00 ТАИНСТВЕННЫЙ САД»
22.20 «Охотники за привидениями»
01.50 Кел, татуласайық!
03.50 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,18.00 Т/с «Выбор матери»
11.00, 19.30 «Черная лестница»
13.00 «Бастық боламын»
14. 00, 01.30 «Q-елі»
16.10 «Тайная жизнь моего секретаря»
17.00 Сериал «ИП ПИРОГОВА-2»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.00 « САМЫЙ ПЬЯНЫЙ ОКУРГ В МИРЕ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ

«АЛАТАУДЫ» ҮЗБЕЙ ОҚИТЫН АПА

АДАМ ӨМІРІНДЕ БЕЙНЕТІНІҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРІП ОТЫРҒАН ЖАСТА ЖАНЖАҚТАН ҚАУМАЛАП, ҚОЛДАП-ҚОЛПАШТАП ЖАТСА БІР ЖАСАП ҚАЛАДЫ ЕМЕС ПЕ. БАЛА ЖАСТАН ЕҢБЕКСҮЙГІШ БОЛЫП ӨСКЕН ӨМІРСЕРІК БЕКМЕТОВА АПАМЫЗДЫҢ ДА ТУҒАН КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЕЛДІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫНА БӨЛЕНІП, МАСАЙРАП ОТЫРАТЫН СӘТТЕРІ АЗ ЕМЕС.



Сексеннің біз де келдік жетеуіне,
Жаманның ергенім жоқ жетегіне.
Біз байғұс қалтақ-құлтақ етіп келдік,
Біздей шал жатып қалды төсегінде.

деп Абыл (Т) ақын айтқандай, ел ішінде Серік апа атанып кеткен кейіпкеріміз тамыздың бесі күні сексеннің жетеуіне келді. Осы жасқа жетсе де апамыз қартайдым деп отырған жоқ, қимылы да ширақ. Үй шаруасына да мығым деп айтсақ асыра айтқандық болмас. Жасынан қиындықты көп көрсе де ол еш мойымады, қайта көппен бірге иық тіресе алға қадам басты. Апамызбен сәлемдесуге үйіне арнайы барғанымызда сөйлесіп жүріп шәйін де қойды, пәтер ішінде зырылдап жүріп ескі суреттер мен газетке шыққан мақалаларын көрсетіп , өткеннен сыр шертті. Осы күнге жеткеніме шүкіршілік айтамын дейді тыл ардагері.

«*Ата-анам оқымаған, тақыр кедей болды. Отбасындаға жалғыз тал бала болдым. Әулие Көтен төуіп атаның ұрпағымын. Анам аяғы ауыр кезінде осы атамыз түсіне еніп: «Баланың атын Өмірсерік қой» деп аян беріпті. Әкем тоқсанға келіп көз жұмса, анам сексен төртінде өмірден озды. Сарқанда тудым, алты жасымда мектепке бардым. Жағдайымыз өте ауыр болды. Әке-шешем өздері оқымаған соң, менің білім алуым үшін қолындағы барын аяған жоқ. Жасымнан спортқа да бейім өстім. Мектепте жүріп жеңіл атлетикамен шұғылдандым. Қазірге дейін үйде отырмай, қолыма таяғымды алып алып, скандинавиялық жүріспен айналысамын. Бұл денсаулыққа өте пайдалы. Мектепті бітірген соң оқуға түсу үшін Алматыға аттандым. Әсем қалаға галош киіп, ескі күртешемен келдім десем, біреу сенсе, біреу сенбес. Осылай денешынықтыру институтына түсіп, бес жыл оқыдым. Кейін тұрмысқа шыққан соң сырттай екі жыл оқып, байланыс техникумының дипломын алдым. Денешынықтыру институтын тәмамдаған жылы мені жолдамамен Ақсу ауданына жіберді. Мұнда келгеннен кейін райком комсомолға жіберді. Осында хатшы ретінде жұмысқа тұрып, партияға өттім. Содан отыз жыл бойы үздіксіз еңбек еттім. 1957 жылы тұрмысқа шықтым. Жолдасым жоғарғы қызмет жасады. Өте керемет адам еді марқұм. Екеуміз он жыл ғана тұрдық, 1967 жылы көз жұмды. Бес баланы дүниеге әкелдім. Аралары екі жастан болды. Шешем марқұм: «туа бер, өзім қараймын» деді. Анамның арқасында бір баланың да жалайығын жуғаным жоқ. Сол кісінің көмегімен жұмысқа да шығып жүрдім. Кейін екі балам қайтты өмірден. Қазір екі қызым, бір ұлым бар. Бәрі де өз алдына үйлі-баранды. Қайтыс болған кіші ұлдан Тахир атты немерем қалған. Сол немереден енді «Әлім» атты шөбере сүйіп отырған жайым бар. Олардың бәрі Алматыда тұрады. Арасында қонақ болып барамын, өздері де келіп тұрады.*







...Отыз жыл үздіксіз еңбек етіп, 1989 жылы зейнеткерлікке шықтым. Бірақ үйде отырып қалған жоқпын, 85 жасыма дейін партияның жұмысына араластым. «Nur Otan» партиясы Талдықорған қалалық филалы төрағасының бірінші орынбасары болған Әсия Тұрсынқызымен бірге жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араластым. Еңбегім елеусіз қалған жоқ. Жыл сайын мақтау грамоталары мен алғыс хаттар алдым. Кеудеме медаль да тақтым. Басшылық тарапынан көрсетілген құрмет те көп. Қала әкімі болған Ермек Алпысов жаңа ауданнан бір бөлмелі пәтер де берді. Бүгінгі таңда осы үйде тұрып жатырмын. Тағдырыма ризамын. Осы жасыма дейін өзім де қолымнан келгенше елге көмек бердім. Айтқан адамның сөзін жерге тастамай, орындауға тырыстым. Еш-кімнің ала жібін аттағаным жоқ». Осылай деп ағынан жарылған апамыз өзімен құрдас, сырлас болған қыздар туралы да қысқаша әңгімелеп берді.

«*Райхан, Күлтәй, Гүлжамал, Марфуға атты керемет жандар еді. Бәріміз «Жансүгірде» бірге тұрдық. Кейін Алматыға қоныс аударған соң да жақсы араластық. Қазір осы бес қыздан екеуміз ғана жер басып жүрміз. Сағынғанда қарап отырайын деп «Ақсудың аққулары» деген жазумен суретті үлкейтіп алдым, үйімнің бұшышында тұрсын деп*» деген апамыздың жанары жасқа тұнып сала берді.

Бір сәт үнсіздіктен соң: «*Адам ұрпағымен мың жасайды ғой. Шүкіршілік деймін осы өміріме. Негізінде әйелдің жүгі қашан да ауыр, әйел оны көтере білгенімен қадірлі. Ел іші тыныш, халық аман болсын»* деп жадырап сала бергені. Апамның жүрегінің мейірімі мен пейілінің кеңдігі, бойдағы темірдей төзімі оның бір ұлтты емес, күллі адамзатты қорғап тұрғандай сезілді.

...Еліне елеулі қызмет етіп, халқына қалаулы болған Серік Жұматайқызы «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің тұрақты оқырманы. Газеттің әр санын қалдырмай, онда шыққан мақалаларды үзбей оқып келетін апамызды келген жаңа бір жасымен құттықтап, шаршамай жүріп, жүздің төріне шығыңыз деген жылы тілегімізді білдіреміз. Аман болыңыз, «Алатаудың» апасы!

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

МАМАН МІНБЕРІ

АНА ТІЛДІ БІЛУ – АДАМДЫҚ ПАРЫЗ

Қазақтың тіліндей әлемде бай тіл жоқ. Оның терең астары мен құндылығына қанықкан көңіл марқайып қалады. Қазақтың тілі – шексіз мұхит секілді, күллі әлемді қамтыса да бояуы өңбейді, әлемдік тілдермен теңестіре қалса, ноқтасын бермейтін ұлы тіл.

Қазақ тілі – ұлтымыздың мақтанышы, елдің айнасы. Ұлтымыздың асыл қасиеті мен тектілігін дәріптеп, жеткізуші де ана тілі. Тілдің беделі бір күнде қалыптаспайды. Тіл беделі – ұлт мерейі. Қазақ елі – әлемде жалғыз ғана ел. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде: «Ана тілінен артық бұл дүниеде қымбат не бар!» деген болатын.

Жастар туған тілімен сусындаса, сол тілдің арқасында елдің тарихын, шежіресін, сөздің киесін түсініп, ұлттық құндылықтардың бәрін естіп, көңіліне тоқып өседі. Ондай ортада есейген бала өз тілінің де, өзге тілдің де бағын аша біледі. Өзін жарылқамаған ұрпақтың өзегі талмайды, сүйегі қатқанда алған тәрбиенің сіңімі болмайды. Қазақтың тілі – тектіліктің тұғыры, ол ұлттық намыс пен рухтың қайнар көзі. Өз тілін білмеген ұрпақ, алыстан бақыт тапқанмен, түптің түбінде өз кемшілігі үшін өкінетін болады. Өйткені, көп нәрсенің байыбына барып, зерделей алмайды.

«*Ана тілін ұмытқан, ана сүтімен аяқ жуар. Туған еліңді тастама, алтын бесігіңді аттама. Қандай бір елге барсаң да, опасызға орын жоқ, төрін сыйлап кім береді*? – деген шежіреші Байғұтұлы Әлиаскар тағы бір сөзінде: «*Әділін сұраса, ақиқатын айт, дініңді сұраса, шариғатын айт. Еліңді сұраса, тарихын айт. Бұл үшеуін білмесең, тамыры жоқ тас екенсің, әркімнің аузынан қалған қағидасын айт*» деп еді. Сол айтқандай, ана тілді жетік меңгермеген ұрпақ, қазақы мінездің қадірін аяқ асты етеді. Мұның өзі ел ішіндегі мысық тілеулес топтардың бел алуына ықпал етеді. «Өз ағасын ағаламаған, кісі ағасын бағаламайды». Ұрпақтың өмірлік танымы түбегейлі өзгеріп, адасқанын аңғармай қалатын тұсы осы.

Әр қазақ ана тілін бағаласа, елдің мәртебесі асқақтап, әсері көбейеді, ұрпақтың жұлдызы биікте маздайды. Келер ұрпақ туған тілінің мерейін көтеру үшін, алдымен мектептегі оқулықтардың құндылығын арттыру қажет.

Мемлекеттік тіл арқылы қоғам мүшелері, жеке тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынас жасалады. Сондықтан мемлекеттік тілді меңгеру әр адамның Отан алдындағы парыз деп түсініп, түйсіну қажет.

Қарлығаш СӘРСЕНОВА,
№2 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

«ШАБАМ ДЕГЕНГЕ АТ БЕРЕМІЗ, ЖАНАМ ДЕГЕНГЕ ОТ БЕРЕМІЗ»



Баланың бос уақытын қызықты, пайдалы әрі мазмұнды өткізуде іс-шаралар өткізумен қатар, түрлі ұйымдар да ашылуда. Солардың бірі – жақында ашылған «МЕЙІРІМ» балалар шығармашылық орталығы. Баланың тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізетін орталықтың бүгінгі тынысы туралы білу мақсатында орталықтың директоры Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫМЕН жолығып, әңгімелескен едік.

АЛАТАУ: – «Мейірім» балалар шығармашылық орталығы немен айналысады?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Аты айтып тұрғандай, біздің орталық балалардың шығармашылық қабілетін жетілдірумен айналысады. Негізі әр баланың бойында бірнеше түрлі қабілет болады. Мысалы үшін айтсақ: бір баланың бойында жеті түрлі қабілет болуы мүмкін. Аздап спортқа бейім келеді, ән айтады, домбыра тартады, сурет салады немесе әдебиетке құмар, қолөнерге әуес дегендей. Біз, ересектер, осынау қабілеттерді көп жағдайда көре алмай қалатынымыз өкінішті. Баланың жаны өнерді қалап тұрса да оны апарып физика-математика бағытындағы мектепке береміз немесе «заман талабына сай болып өссін» деп түрлі курстарға сүйрелейміз. Жоғарғы оқу орнына түскенде де баланың бойындағы әлгі жеті қабілеттің біреуіне де мән бермей, мүлдем басқа саланың маманы қылып шығарамыз. Содан адам өміріндегі алғашқы адасу басталады. Бала бойындағы барлық қабілеттің оты өшеді, ол өзіне ұнамайтын, өзінің икемі жоқ саланың маманы болып шығады. Зордың күшімен оқуын бітіреді, қызметке тұрғанда да кәсібін сүймейді. Сүйретіліп жұмысына барады, күйзеліп үйіне қайтады. Тек жалақы үшін жұмыс істейді. Күндердің күні қызметін тастап, мүлдем басқа салаға кетеді. Басын тауға да, тасқа да ұрады. Кейбірі жұмыссыздардың қатарына қосылады, тұрмысы шатқаяқтайды. Өзіне, одан қалды өміріне көңілі толмайды. Ал өміріне көңілі толмаған адам – бақытсыз адам. Осылайша бала күнде ата-ана тарапынан жіберілген кішкене қателік адамның өзімен бірге өсе келе үлкен мәселеге айналады. Егер біз бала бойындағы жеті-сегіз қабілеттің кемінде біреуін байқап, соның шыңдалуына жағдай жасасақ, балаларымыз сөзсіз өз саласының «чемпионы» болып шығар еді. Ал чемпиондар – лидерлер, олар әркезде топ жарады, қоғамды алға сүйрейді. Өйткені олар кәсібін сүйеді, жан-тәнімен беріле жұмыс істейді, жұмысынан ләззат алады. Неге? Өйткені ол кәсіп оның бала күндегі сүйікті ісінің жалғасы, бала күнде қай салаға қабілетті болды, соны дамыта білді. Хоббиін кәсіпке, мамандыққа айналдырды.

АЛАТАУ: – Яғни, дарынды бала тәрбиелеуде ата-ананың рөлі зор дейсіз ғой?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Дарын дегеніміз не? Дарын дегеніміз – сол қабілеттің ең биік сатысы. Біз бала бойындағы қабілеттерді ерте бастан танып, соны ұштай білсек, ол бала дарынды адам, білікті маман болып шығады. Қазақтың «сегіз қырлы бір сырлы», «жігітке жеті өнер де аз» деген сөздерінің мәні сонда. Адамға құдай бірнеше қабілетті тумысынан береді. Соны жетілдіріп, жарқыратып жіберетіндер аз да, өзін-өзі танымаған күйі өмірден өтіп кететіндер көп. Біздің орталық балаларға өз бойындағы қарым-қабілетті танып, оны ары қарай дамытуға көмектеседі. Жылт еткен шоқ әр балада бар, соны сөндіріп алмау керек. Төлеген Айбергеновше айтқанда «шабам дегенге ат береміз, жанам дегенге от береміз».

АЛАТАУ: – Қазір орталықта қанша бала тәлім алып жатыр? Әрі қандай өнер түрлері бойынша оқиды?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Бізде төрт пен он сегіз жас аралығындағы 200-ден астам бала оқып жатыр. Жалпы біздің орталық, дәл қазір, төрт бағыт бойынша жұмыс істейді. Атап айтқанда, сурет өнері, қол өнері, сөз өнері және теле өнер. Бұған қарап бізде төрт-ақ үйірме бар екен деген ой тумауы тиіс. Бұлар іштей тармақталып кете береді. Мысалы сурет өнері бойынша кескіндеме бір бөлек, графика бір бөлек оқытылады. Өйткені ол екеуінің діңгегі бір болғанмен, бағыттары басқа. Қолөнер бойынша да оригами, кестелеу, мүсіндеу, батик секілді үйірмелер бар. Ал сөз өнері саласында шешендік өнер, мәнерлеп оқу, поэзия, проза деп кете береді. Сонымен қатар, бейнетүсірілім және бейнемонтаж сабағы бар.

АЛАТАУ: – Бұл өнер түрлеріне сұраныс қалай екен? Балалар келіп жатыр ма?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Шынымды айтсам, балалар кезекте тұр. Сурет, қолөнер түрлері бойынша күмәнім болмады, ал әдеби бағыттағы үйірмелерді ашар кезде аздап қорқақтағаным рас. «Қалалық балалар сөз өнеріне ықыласты бола қояр ма екен?» деп күдіктендім. Бірақ, мен қателескен екенмін. Шешендік өнер үйірмесі әуелгі аптаның өзінде толып қалды. Басында таңғалдым, сонан кейін барып мәселенің мәнісін ұққандай болдым. Сөйтсем қазір балалар арасында қазақша таза сөйлеу, шешен сөйлеу, ойын анық жеткізу, дыбыстарды дұрыс айту дегеніміз үлкен проблемаға айналып келеді екен. Себебі олар бүгінде смартфон арқылы сөйлеседі, түрлі мессенджерлер арқылы тілдеседі. Бұл баланың тұйықталуына алып келетінін ғалымдар айтып, дабыл қаққалы қашан?... Сонымен бірге біздің балаларымыз бүгінде ақпаратты үш тілде қабылдайды. Мектеп үш тілді, теледидар да солай. Сәйкесінше тілі де солай алақұла болып қалыптасып келеді. «Мама, мен алма хочу» деп тұрған кішкене бала қай сөз қазақша, қай сөз орысша екенін біле бермес. Оған оны кінәлау да орынсыз. Оған ақпарат қалай жетті, солай қабылдап, жадына түйді. Бітті. Оны қашан, қалай емдеп, жазамыз, ол бір күрделі сұрақ. Менің бір қуанғаным балаларының тілін осындай түрлі ықпалдардан қорғағысы келетін ата-ана көп екен. Біздің үйірмеге ең бірінші болып тіркелгендер солар десем болады. Олардың мұнысы өте құптарлық іс. Өйткені бала деген талшыбықтай нәзік құбылыс, қай жағына қисайтсаң, солай қарай жантайып өсе береді. Қазірден балаларымызды шешен, таза сөйлеуге дағдыландырмасақ, ертең өкінетін боламыз. Ол бала әдебиетші, ақын, жазушы бола ма, болмай ма, уақыт көрсетеді. Біздің мақсат – қазақша жатық сөйлей білетін, топ алдында қысылмай ойын айта алатын, өжет азаматтарды тәрбиелеу.

АЛАТАУ: – Әлгінде телеоператорлық өнерге де үйретеміз деп қалдыңыз. Естуімше, өзіңіз де телеарнада қызмет еткен екенсіз. Журналистикадан білім беру саласына ауысу қиын болмады ма?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Иә, он жылдай республикалық телеарналарда жұмыс істедім. Жолдасымның қызмет ауыстыруына байланысты Талдықорғанға көшіп келіп, сүйікті кәсібімнен қол үздім. Әрі бала күтімімен үйде отыруға тура келді. Балалардың ой-өресін дамыту туралы ойланбайтын ана жоқ шығар. Мен де қолым бос кезде осы тақырыптар бойынша ізденгенім бар, түрлі тележобалардың да сценарийін хатқа түсіріп қойғанмын. Өзімнің әуелгі мамандығым мұғалім, педагогикадан хабарым бар. Бірақ әзірге өзім сабақ бермеймін, менікі барлық шаруаны ұйымдастыру. Сондықтан аса қиналған жоқпын.

АЛАТАУ: – Ұзағынан сүйіндірсін. Әңгімеңізде батик, оригами деген үйірмелер туралы айтып қалдыңыз. Жалпы оның не екенін білгенмен, бізде кең тарала қоймаған өнер ғой...

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Батик дегеніміз – бірнеше өнердің қосындысы. Қарапайым тілмен түсіндіргенде матаға сурет салу, матаны бояу, ол матадан бірдеңе тігу. Бұрын әжелерімізден ақ матаны, киіз бен ағашты қынамен, шөппен, жосамен бояғанбыз дегенді еститінбіз. Батик дегеніміз сол екен, дегенмен біз оны сырттан келген өнер деп танып, солай қабылдадық. Осыны қолға алып зерттейтін адам болса, бұл өнердің алғашқы жұрнақтарын біздің ұлы даламыздан табарына күмәнім жоқ. Қазір дайын бояудың түрі көп. Ескі техниканың көбі ұмытылған. Тіпті ЮНЕСКО 2009 жылы батик өнерін адамзаттың рухани мұрасы ретінде тізімге енгізіпті. Бұл сондай ғажап өнер. Егер балаңыз әрі суретші, әрі тігінші, әрі дизайнер болсын десеңіз, батикке беріңіз.

Ал оригами – ол қағаз өнері. Оның отаны – Қытай. Бала күнімізде қағаздан ұшақ жасап ұшырушы едік қой. Бұл оның бірі ғана, бұдан бөлек, қағаздан қалаған фигураңызды жасауға болады екен. Баланың ой-өрісін дамытуға, ұшқыр ойлаға баулитын өнер.

АЛАТАУ: – Аз таралмаған өнерді үйрететін ұстаз да тапшы шығар? Кімдер сабақ береді? Маман табуда қиналған жоқсыз ба?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Менің білуімше, батик пен оригами үйірмелері республика бойынша екі жерде ғана бар екен. Соның бірі – бізде. Әрине, кез-келген істің ілгерілеуі маманға байланысты. Бұл ретте мен жаңылысқан жоқпын деген ойдамын. Қазір аттарын атасам менің кішкентай орталығыма мұндай үлкен дәрежелі мамандардың қалай «сыйып» жүргеніне өзіңіз таңғаласыз (**ред: күлді**). Қолөнер түрлері бойынша өте тәжірибелі ұстаздар сабақ береді. Клара Дүйсебекқызының осы саладағы еңбек өтілі 27 жыл, өте тәжірибелі ұстаз. Нұргүл Ершатқызы – танымал қолөнер шебері. Ал сурет үйірмелеріне Алмас ағай мен Сабина апайымыз жетекшілік етеді. Алмас үшін суретшілік атакәсіп десек те болады. Өйткені оның әжесі өте ісмер адам болған екен, әкесі – Қазақстан Суретшілер одағы, Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі, белгілі қылқалам шебері Бақыт Ахметов. Сабина сурет өнерінде болашағынан үміт күттіретін жастардың бірі. Ал шешендік өнер, мәнерлеп оқу сабақтарынан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын, әдебиеттанушы, «Отқарақ», «Бірдеңе» поэзиялық жинақтарының авторы, тележүргізуші, «Жетісу» радиосының бас редакторы қызметін атқаратын Айнұр Төлеу мен І.Жансүгіров атындағы ЖМУ оқытушысы, әдебиеттанушы, Ресей, Ұлыбритания, Түркия, Испания университеттерінде тәжірибе жинап қайтқан, бірнеше тілді білетін Дәулеткерей Мүлік ағамыз сабақ береді. Мирас деген бесаспап жігітіміз бар, өзі телеарна қызметкері, видеоны түсіру мен монтаждауды балаларға үйретеді.

АЛАТАУ: – Сіздің де шетелде оқығаныңызды білеміз. Алған біліміңіздің қазіргі істе пайдасы тиіп жатыр ма?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Қытай Халық республикасының астанасы Бейжіңде үш жыл магистратурада ағылшын, қытай тілдерін оқыдым. Балаларым сол жақта спорт және қолөнер үйірмелеріне барды. Әрине, Бейжіңдей алып мегаполиспен Талдықорған секілді шағын қаланы салыстыру қиын. Дегенмен ондағы адамдар мен мұндағылардың балаға деген көзқарасында ұқсастық та, ерекшелік те көп. Ерекшелік: классикалық қазақ отбасында бала саны көп, қытай отбасында аз болып келеді. Өйткені ол елде бала туу саясатына байланысты шыққан «бір бала сапалы бала, үш бала сапасыз бала» деген ұран іспетті қанатты сөз бар. Олар «бір отбасы бір баланы сапалы тәрбиелей алады, ал бала көп болса, шұбырынды болып оның тәрбиесіне, біліміне тиісті деңгейде көңіл бөлінбей қалады» деп санайды. Осы идея санасына сіңіп қалғаны соншалық әлі де арыла алмай келеді. Өзімізге дәріс берген ұстазымыз біздің үш баламыз барын естіген сәтте жолдасыма «осымен тоқтаңдар» деп кеңес беріпті. Ұқсастығы: қытай да қазақ секілді балажан ұлт. Олар баланы жабыла тәрбиелейді. Өзіңіз қараңыз, бір отбасында бір бала дейік. Ол баланың өз әке-шешесі бар, атасы мен әжесі бар, сонан кейін нағашы атасы мен нағашы әжесі бар. Сонда бір баланың тәрбесімен алты адам айналысады деген сөз. Бізде де соңғы кезде баласына инвестиция салуға құмар отбасылар көбейіп келеді. Мен осыған қуанамын. Өйткені қай жерге барсаң баласын жетелеп жүрген, үйірмелерге

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«МЕЙІРІМНІҢ» ОРДАСЫ

тасып жүрген ата-аналарды көресің, баласының жетістігін әлеуметтік желіге салып мақтанып-марқайып отырған азаматтарды көресің. Сол балалар өзіне салынған қаржы-қаражатты, қажыр-қайратты әйтеуір бір ақтайды.

АЛАТАУ: – Болашақта «Мейірім» орталығы тіл үйрету курстарын ашуы мүмкін бе?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Мүмкін. Егер ісіміз ілгерілеп жатса, ондай бағытта да жұмыс істегім келеді. Ағылшын, қытай тілдерін өз методикаммен үйретсем деймін. Дегенмен, оған дейін біраз шаруаның басын қайыру керек. Жақын арада сахна өнері, телевизия өнері, ән өнері бойынша үйірмелер ашуды жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңда дәріс беретін мұғалімдермен келісімге келіп, құжаттарын әзірлеп жатырмыз. Мұнда да мықты мамандарды таптым деген ойдамын. Сахна тілі, актерлық өнер бойынша Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының түлегі, Петропавл қаласындағы Сәбит Мұқанов атындағы драма театрдың негізін қалаушылардың бірі, бүгінде «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары, белгілі ақын, актер Жұматай Оспанұлы ағамызды дәріскер ретінде тартып отырмын. Ал ән өнері үйірмесіне өткенде ғана Славян базары фестивалінің бас жүлдесін иеленіп, қазақтың атын шығарған Рухия Байдүкенованың алғашқы ұстазы Жанар Ыстыбаева сабақ бермек.

АЛАТАУ: – Сонан кейін бір естігеніміз, сіздердің үйірме тегін екен? Бұл қалай?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Иә, бәрі тегін. Негізі мемлекеттік бағдарлама бойынша оқытудамыз. Үйірмелердің тегін болғаны балаларға үлкен мүмкіндік болса, ата-аналарға кәдімгідей қолдау екені рас. Өзім де көп балалы анамын. Әр балаға ақы төлеп, үйірмеге қатыстыруға әркімнің шамасы жете бермейді. Сондықтан мемлекеттің бұл ісі – өте құптарлық бастама. Бірақ осы жерде айта кетейін, бұл бағдарлама осы жылдың мамыр, маусым айларында басталды. Әзірге қаржыландыру тетіктері толық реттеле қойған жоқ, сондықтан өз күшімізбен жұмыс істеудеміз. Мұғалімдердің жалақысы, ғимаратты жалға алу, оқу-құралдары секілді дүниелердің барлығына қажетті қаражатты өз қалтамыздан шығарып отырмыз. Дегенмен бәрі сәтімен шешілсе, бұл шығындарымызды мемлекет өтеп береді деген ойдамын.

АЛАТАУ: – Өзіңіз көпбалалы ана екенсіз, отбасының жұмысы, отағасының күтімі, бала тәрбиесі деген бар. Осының бәріне қалай уақыт тауып жүрсіз?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Бір іске кіріссем, бар ынта-жігер, ықыласниетіммен істейтін әдетім. Ерте тұрып, кеш жатып дегендей, үлгеруге тырысып жатырмын. Оңай демеймін. Орталық мен үшін екінші үйім секілді. Үйге қандай күтім керек болса, ол жақта да тура солай. Ұжымыма да үлкен алғыс айтқым келеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді ғой, сол кісілердің біліктілігінің, күнделікті сабаққа тыңғылықты дайындықтарының арқасында жұмысымыз ілгерілеп келеді.

АЛАТАУ: – «Мейірім» шығармашылық орталығына келгісі келген балалар не істеу керек?

Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ: – Біз-бен хабарласу керек. «Мейірім» шығармашылық орталығы Талдықорған қаласындағы Жаңа Ғарышкер ықшам ауданында 5/5-үйде орналасқан. Инстаграмда да парақшамыз бар, (@ meyirimdi_bala) жұмысымызды сол жерден көре алады. Сол арқылы бізбен байланысуға болады.

АЛАТАУ: – Әңгімеңізге рахмет. Ісіңізге сәттілік тілейміз.



Клара ДҮЙСЕБЕККЫЗЫ, Батик және мүсіндеу үйірмелерінің жетекшісі: – *«Мен «Мейірім» шығармашылық орталығындағы «Мүсіндеу» және «Батик» үйірмесін жүргіземін. Үйірмеге 4 жастан асқан балалар аптасына 2 рет келеді. «Мейірім» шығармашылық орталығы жарық, кең, өте жақсы жерде орналасқан. Маған бұл ұжым өте қатты ұнайды, ұстаздары да зор құрметке тұрарлық жақсы жандар.Менің мақсатым жеткіншектерімнің шығармашылығын дамыта отырып, үлкен жетістіктерге жетуге өз үлесімді қосу».*



Гүлмира СӘБЕТҚЫЗЫ (Еркежан Тыныбектің анасы): – *Қызым Еркежан кескіндеме және көркемсөз оқу үйірмесіне қатысады. Үйірмеге қатысатын күнін асыға күтеді. Орталықтың арқасында қызым керемет нәтиже көрсетіп жүр. Бос уақыттында ұстазы үйреткен тәсілдерді үйде қолданып, тиімді уақыт өткізеді. Болашағынан зор үміт күтемін. «Мейірім» орта-лығында қызмет ат-қарып жүрген әрбір ұстазға алғыс айтамын. Еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер!*



Әсел ҚАЛТАЙҚЫЗЫ, (Қайрат Айнелдің анасы): – *Алғашында интернет желісінен хабарландыруды көре сала қызыма айтып, «үйірмеге қатысқысың келеді ме?» деп сұрадым. Үйірме орталығы «Мейірім» деп аталатынын, онда әртүрлі үйірме барын айттым. Таңдауды өзі жасады, мен тек қолдап қалай, қайда болатынын хабарладым. Маусым айының 12 жұлдызында арнайы сайтына тір-келіп, орталыққа хабарласып, қажет ақпаратымызды алдық. Қызығушылығы сонша, бастаған бұйымдарды, жұмыстарын тез аяқтауға асығады. Ұстаздарының арқасында, әрбір жасалған жұмысы ұқыпты. Қызым жазғы демалыс уақытын тиімді әрі пайдалы өткізуде. Ең маңыздысы, өзінің өмірінде қажетті іспен айналысып жүр. «Мейірім» шығармашылық орталығына қуана барады. Осындай орталық ашылғаны бізді қуантады. Балаларға деген мейірімдеріңіз ұлғая түсіп, бастаған істеріңіз биікке өрлей берсін дегім келеді!*



Жұлдыз ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ (Тынысбек Айлиннің анасы): – *Сөздің басын ең алдымен «Мейірімді бала» орталығының құрметті меңгерушісі Гүлмира Қуанышқызы және орталықтың ұжымына алғыс айтудан бастағым келіп отыр. Мен осы орталықтың қатысушысы Айлиннің анасымын. Ата-ана ретінде шынайы ризашылық пен ақжарма алғысымды білдіргім келіп отыр!*

Осы орталыққа қызым аптасына төрт күн 2 сағаттан қатысып жүр. Қызым кестелеу мен оригами үйірмесіне қатысады. Орталықта атына сай жылулық пен мейірімділікке толы ұжым жұмыс істейді.

«Мейірімді бала» орталығының үйірме жетекшісі Нұргүл апай қызымның қолөнерге деген қабілетінің дамуына үлкен әсер етті. Ол кісі – өз маманының шебері. Аз уақыт аралығында ине ұстай білмейтін қызым кесте тіге бастады. Айлиннің қолөнерге деген қызығушылығы күннен-күнге артып жатыр. Қызым үйірмеге барғанша асығады. Үйірме жетекшілері өз жұмыстарына беріліп, оны жүрекпен жасайды, оның қорытындысын баламның күнделікті нәтижесінен көріп отырмын. Ары қарай жұмыстарыңыз жемісті болсын! Әрдайым сәттілік сіздерге серік болсын! Әр сәттеріңіз жақсылық пен бақыт, қуаныш пен күлкіге толы болсын. Қабілетті балаларыңыз көп болсын! Қол жеткізген жетістіктеріңіз мол болсын!



Ислам Бахытқанов, видеосьемка және монтаж, оригами үйірмелерінің оқушысы.



Бір үйдің үш баласы: Аида, Айша, Раяна.

Нұргүл ЕРШАТҚЫЗЫ, Кестелеу және оригами үйірмелерінің жетекшісі: – *«Мейірім» балалар шығармашылық орталығы – балалардың бос уақытын пайдалы және тиімді өткізуіне септігін тигізіп жатқан керемет өнер ордасы. Ашылғанынан бері аз уақыт өтсе де, оқушылар қолөнер, бейнелеу өнері бойынша бірнеше техникада жұмыс істеуді үйренді. Балаларының жетістіктеріне қуанып алғыстарын білдіріп жатқан ата-ана да өте көп. Оқушылардың аса үлкен қызығушылықпен қатысуының, ата-аналардың риза болуының себебі – орталықтағы жасалып отырған жағдайға байланысты.Орталық директоры Гүлмира Қуанышқызы өз ісіне тиянақты, жауапты, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшы деп айтуға әбден болады. Келген әр адамды құшақ жая қарсы алып, кішіпейілділік танытуының арқасында орталық жұмысы да өрге басуда. Атына заты сай, бұл жер нағыз «мейірімнің» ордасы деп айтсам болады.*


Әзірлеген: Ардагүл ӘСКЕРБЕК

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРИВИВКА

ФОРМА ВЫПУСКА ВАКЦИНЫ QAZVAC ИЗМЕНИЛАСЬ

Теперь вакцинировать желающих будут при наличии трех или пяти человек. Это предусмотрено для максимального сохранения условий хранения вакцины, сообщает – Sputnik.



Главный государственный санитарный врач Казахстана Ерлан Киясов своим постановлением изменил форму выпуска вакцины QazCovid-in (QazVac).

Теперь вскрытие флакона рекомендуется при наличии трех или пяти потенциальных прививаемых лиц.

"Форма выпуска вакцины QazCovid-in: по 0,5 мл (одна доза), 1,0 мл (две дозы), 1,5 мл (три дозы), 2,5 мл (пять доз), во флаконах из бесцветного стекла класса I, вместимостью 3 миллилитра, укупоренных пробкой резиновой и обкатанных металлическим колпачком с пластиковой крышкой типа Flip-off", - говорится в тексте постановления санврача.

В Минздраве пояснили, что открытый флакон вакцины в связи с риском нарушения условий асептики не хранится после вскрытия и используется сразу.

По этой причине вскрытие многодозного флакона с вакциной рекомендуется при наличии трех или пяти (соответственно объему флакона) потенциальных прививаемых лиц для максимального снижения розлива вакцины.

Ранее сообщалось, что министерство здравоохранения Казахстана усилило контроль за соблюдением правил хранения вакцин. В 30% прививочных пунктов перед получением разрешения на работу выявляли нарушения требований санитарных правил.

По состоянию на 30 июля, первым компонентом вакцины против коронавирусной инфекции провакцинировано 5 370 661 человек, вторым компонентом провакцинировано - 3 730 920 казахстанцев.

ПРЕЗИДЕНТ

УЖЕСТОЧИТЬ НАКАЗАНИЕ ПОРУЧИЛ ТОКАЕВ

На совещании по эпидситуации в Казахстане президент Касым-Жомарт Токаев заявил, что многие казахстанцы с «красным» и «желтым» статусом посещают общественные места, не боясь штрафов, передает корреспондент NUR.KZ.

Төрт түлігі сай болпты, – деп бастап, таңға жырлағанда ел, әбілхаят суынан дәм татқандай тамсанар еді. Осындайда «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы» деген хәкім Абайға тағы да жүгінуіңізге тура келеді. Негізі ауылдағы сере қарыс сүбелі сөздер айтқан, жыршы, жыраулар мен шешендікті шегіне жеткізе сөйлейтін ақсақалдарымыздың арқасында қазақ тілінің, сөз өнерінің құдіретін білген халық едік. Ұлт үшін тілден асқан асыл жоқ. Тілінен айырылған ұлт, ұлттық сипаттарынан айырылып, өзін-өзі жоғалтатыны бесеneден белгілі жай. Осы орайда Ғабит Мүсіреповтің, «Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады. Ұлттық әдебиет, мәдениетінің дамуы, жалпы ұлт өркендеуінің басты белгісі. Оның тілі, қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданылуы керек» деген сөзі еске түседі.

Дүние астаң-кестең болып, өзгере бастады. Қазақ елін қаныпезер Ф.И.Голощекин басқарған 1925-33 жылдары қазақ халқының басына нәубет әкелді. 1928 жылы ауқаттылардың малдарын тәркілесе, 33 жылдары бес миллионға жуық халықтың жартысынан көбі аштыққа ұшырап қырылды.1941-45 жылғы екінші дүниежүзілік соғыста қазақтың қаншама асыл ұлы зардап шекті. Қаншама ұлттар мен ұлыстар орыс халқын неміс басқыншыларынан аман алып қалды. Күштінің арты диірмен тартып, ақырған аюдай күшейген Кеңес өкіметінің қысымымен ел-жерінен айырылғандар қазақ жеріне ауа бастады. Қоныс аударған түрлі ұлттың өкілдері, қазақтың бауырмалдығының арқасында жоқшылық, ашаршылықтан аман қалды. Сол бір алапсапыран заманда қазақ халқы олардың бәрін бауырына басып, өзі жарымай отырса да, бір үзім нан, қаймақ, сүтін бөліп беріп, көрпесін соған жауып, өзі жыртық күпәйке жамылып, барынша қамқорлығын танытып бақты. Қазақ жеріне «тың игереді» деген желеумен орыс отбасыларын эшалонмен айдады. Бүгінде бұл өлкеге бауыр басқан ұлттар мен ұлыс өкілдері өсіп-өніп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, ірі-ірі қызметтерге араласып, бұлардың да бәрі жетілді. Кеңестік-коммунистік империя ыдырағаннан соң қазақ халқы ұлы мұраты тәуелсіздікке қол жеткізді. Егемендік алғалы ширек ғасырдан асса да, қазақ халқының басындағы тіл мәселесінің дауы бітер емес.

Осы орайда еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанға» шыққан мына бір мақалаға көз жүгіртіп көрейік. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы Мемлекеттік тіл мәселесі күн тәртібіне алғаш қойылған кездегі ел ішіндегі ахуалды, Мемлекет және қоғам қайраткері, бүгінгі Парламент мәжілісінің депутаты Сауытбек Абдрахманов былай баяндайды: «Мемлекеттік тілге құрмет – отаншылдықтың ең басты қасиеті»деп санайтын Әбіш Кекілбаевтың қайраткерлік қуаты қазақ тіліне дербес мемлекеттік мәртебе алып беру жолында күресте кемел көрінді. Қайта құрудың дүркіреп тұрған жылдарында басталған тіл дауы еліміз егемендік алатын шаққа жақындағанда тіпті асқынды. Ең негізгі себеп мемлекеттік тіл мәселесін, екі тілге – қазақ тілі мен орыс тіліне қатар беруге тырысу. Бұл парламенттік жиынға депутаттық мәртебесі жоқ Әбекең, Әбіш Кекілбаев қонақ ретінде қатысып отырады. Таразы басы қос тілге мемлекеттік мәртебе беру жағына ойыса бастайды. Депутат Мұхтар Шаханов шарасы таусылып, қайта-қайта мәртебелі қонақ лоджасында отырған Ә.Кекілбаевтың қасына келе береді. Мандаты жоқ Әбекең сөз алып берсе, сөйлейтінін айтады. Енді М.Шаханов жуырда ғана Г.Колбиннің орнына бірінші болып сайланған Н.Назарбаевқа барып, Әбекеңе сөз алып беру туралы өтінішін айтып, шырылдайды. Кенет түскі үзіліс әбден таянғанда сессияны жүргізіп отырған академик Қ.Медеубеков: «Сөз сессияға қонақ ретінде шақырылған жазушы Кекілбаевқа беріледі» деп хабарлайды. Шешен Ә.Кекілбаевтың сондағы түйін сөзі: «Немене, кеше ел басына күн туғанда, тар үйімізден орын ығысып, төрімізді ұсынғанда, тартыңқы дастарқанымызды алдарыңызға жайып, жарты күлшемізді ауыздарыңа ұстағанда, біз күндердің күнінде, бүгіндегідей демократия орнатып, кемелденеміз деп жатқан заманда, өз үйімізде өз тіліміздің сөйлеу үшін мына сіздерден бүйтіп жылап тұрып рұқсат сұраймыз ғой деп ойлап па едік?!» дейді. Зал тым-тырыс. Шыбынның ызыңы естіледі. Үзіліс жарияланады. Үзілістен соң қазақ тіліне жеке-дара мемлекеттік мәртебе беру туралы қайтадан дауыс беру ұйғарылады. Көпшілік дауыспен Заң қабылданады... Ақ түйенің қарны жарылады. Бұл тарихи шешімді ешқашан ұмытуға хақымыз жоқ» дейді қаламгер.

Шұбалаңқы шеру тартқан тіл мәселесі әлі күнге қозғалуда. Тұз жалап шөлдеп, мұз жалап мейірі қанбаған ала бұзаудай, ұлт құндылығын бойына сіңірмеген кейбір азаматтар бұған пысқырып та қарар емес. «Жыланда ғана екі тіл болады» деп Шерағамыз да уақытысында күркіреп айтып бақты. Марқұм Әбіш Кекілбай ағамыздан бастау алған өтініштер, «Қазақ тілін ойламайтындар – қазақты да ойламайды! Қазақ тілін қолдамайтындар – қазақты да қолдамайды!» деп шырылдап жүрген бүгінгі ақын бауырымыз Қазыбек Исаға жалғасуда. Әлі күнге қазақ тілі жеке-дара Мемлекеттік тіл болу құзырына ие бола алмауда. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі Халыққа алғашқы Жолдауында: «Қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне айналуы керек» деп мәлімдеді. Тоң жібіп, мұз еритін уақыт та таяп қалғандай. Ши шайнаған бурадай қаһарлы да, ұлтжанды жастарымыз өсіп келеді. ...Екінші рет Ақ түйенің қарны жарылатын уақыты да алыс емес сияқты.

«Егер менің тілім ертең өлсе, мен бүгін өлуге дайынмын» деген сөзді Дағыстанның асыл ұлы Расул Ғамзатов, сол кеңес заманында-ақ айтқан екен. Бүкіл жұртқа, барша адамзатқа ортақ игілікті өшпестей рухты қашап қалдырған бұл ақынды қай ел болсын өзіне жақын тұтатыны сондықтан болса керек!

Ертеректе бір кездесуде Әзілхан Нұршайықов ағамызға: «Сіз неден ұяласыз?» деп сұрапты.

«Кейбір қазақ жастарының асыл ана тілін ардақтамағанына ұяламын» деген екен!

Биязы мінезді ағамыздың да өмірден өткеніне, міне, он жылдың жүзі болды.

Қойшығұл МҰСТАФАҰЛЫ,
Ж.Жабаев атындағы халықаралық сыйлықтың, «Құрмет» орденінің иегері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БжЗк

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Обновления на сайте ЕНПФ

В связи с внесением изменений в ряд нормативных правовых актовРеспублики Казахстан, а также с совершенствованием предоставляемых ЕППФ пенсионных услуг постоянно обновляется и корпоративный сайт ЕНПФ, расширяется список онлайн-услуг, представленных на нем, усиливается информационная поддержка вкладчиков (получателей).

На сегодняшний день более 90% всех услуг ЕНПФ оказываются в электронном формате. На корпоративном сайте www.enpf.kz вся информация представлена на трех языках (казахский, русский, английский).

В личном кабинете на сайте ЕНПФ Вы сможете:

- проверить состояние своих пенсионных накоплений и сформировать выписку с индивидуального пенсионного счета;
- внести изменения и дополнения в реквизиты;
- подать заявление о выборе управляющего инвестиционным портфелем (УИП), в том числе аннулировать данное заявление;
- подать заявление о назначении пенсионных выплат;
- проверить статус заявления на выплаты/переводы;
- получить справку о наличии индивидуального пенсионного счета;
- получить “дубликат” пенсионного договора;
- изменить способ информирования на “посредством личного кабинета с использованием электронной цифровой подписи или логина пользователя и пароля”.

Авторизоваться в личном кабинете можнопосредством электронной цифровой подписи (ЭЦП) или путем ввода своего ИИН и пароля.

Для удобства вкладчиков (получателей) и экономии их личного времени на сайте расширена линейка видов заявлений о назначении пенсионных выплат, которые можно подать дистанционно. Теперь данной услугой могут воспользоваться и следующие категории получателей пенсионных выплат, имеющих в ЕНПФ пенсионные накопления за счет добровольных пенсионных взносов:

- лица, достигшие 50-летнего возраста;
- лица с инвалидностью.

Перед подачей заявления необходимо удостовериться в наличии действующей ЭЦП, документа, удостоверяющего личность, банковского счета, открытого в национальной валюте Республики Казахстан. В целях подачи заявления необходимо на сайте ЕНПФавторизоваться в личном кабинете с использованием ЭЦП, в разделе «Услуги» выбрать услугу «Подача заявления о назначении пенсионных выплат», далее заполнить и подписать соответствующие документы ЭЦП. Статус обработки заявления ЕНПФ легко можно отследить с помощью услуги «Мои заявления на выплаты / переводы» в разделе «Услуги» личного кабинета также на корпоративном сайте ЕНПФ.

В разделе«Услуги» появились подразделы:

- «Перевод части пенсионных накоплений в доверительное управление УИП (управляющим инвестиционным портфелем)»,где представлена информация не только об условиях перевода части пенсионных накоплений УИП, но и реестр компаний, управляющих инвестиционным портфелем, ипошаговая инструкцияпри переводе части пенсионных накоплений в УИП;
- «О пенсионном обеспечении трудящихся государств – членов Евразийского Экономического Союза», гдеможно узнать, как с 01.01.2021г. трудящиеся-граждане стран ЕАЭСмогут формировать, сохранять и в дальнейшем реализовывать свои пенсионные права.

Раздел «Показатели»-«Показатели по пенсионным активам» пополнился подразделами «Передача пенсионных накоплений в инвестиционное управление управляющим компаниям», «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий»(с разбивкой по уполномоченным операторам и регионам), «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий по целям» и«Единовременные пенсионные выплаты на лечение»,где оперативная информация обновляется каждый рабочий день.

Также в разделе «Показатели»-«Инвестиционная деятельность» размещаются данные о структурах инвестиционных портфелей под управлением Национального Банка Республики Казахстан и управляющих инвестиционным портфелем, а также обзор инвестиционной деятельности НБРК и УИП. Эта информация особенно важна для вкладчиков (получателей), которые принимают решение о переводе части накоплений УИП.

Кроме всего вышеперечисленного, на сайтеЕНПФ в разделе «Электронные сервисы» попрежнему можно самостоятельно рассчитать свои будущие пенсионные выплаты, воспользовавшись Прогнозным пенсионным калькулятором. Он охватывает все компоненты пенсии в рамках многоуровневой пенсионной системы Казахстана: государственную базовую пенсию и пенсию по возрасту (или солидарную), а также пенсию, сформированную за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов и добровольных пенсионных взносов.

Расчёт производится в трёх сценариях: пессимистичном, реалистичном и оптимистичном, каждый из которых учитывает предполагаемый уровень доходности, а все прогнозные результаты представлены в реальном стоимостном выражении (за минусом инфляции соответствующего периода прогноза).

Список предоставляемых на сайте ЕНПФуслуг широкий, вся информация подана в легкой и доступной форме: вкладчикам (получателям), а также всем заинтересованным лицам достаточно кликнуть на сайт www.enpf.kz и перейти в нужный раздел.

С начала года вкладчики ЕНПФ получили свыше 17 миллионов услуг

Единый накопительный пенсионный фондтолько за пять месяцев с начала 2021 года в период с 01.01.2021 по 01.06.2021 оказал своим вкладчикам 17,6 миллионов услуг. Это на 41% больше, чем за аналогичный период прошлого 2020 года.

В электронном форматеоказано свыше 13,1 миллионов услуг, что составляет 74% от общего объёма услуг. По сравнению с предыдущим годом произошлопочти трехкратное увеличение популярности онлайн-сервисов. Напомним, что в Личном кабинете, который есть как на сайте, так и в мобильном приложении ЕНПФ, вкладчики имеют возможность получать услуги в любое время и в любом месте. Например, это получение выписки с индивидуального пенсионного счета, внесение изменений и дополнений в свои реквизиты, получение справки о наличии ИПС, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно, отслеживание статуса заявления на выплату и многое другое.

В автоматическом формате (беззаявительные обращения) было оказано 2,6 миллионов услуг или 14,5% от общего объема.

Свыше 1,1 миллиона услуг вкладчики получили непосредственно в офисахобслуживания Фонда. В 183 точках обслуживания по всему Казахстану вкладчикам оказано1 115 173 услуг, что на 458,8 тыс. услуг (или на69,9%) больше, чем в прошлом году.

Благодаря совместному проекту АО «ЕНПФ» и АО «Казпочта» по оказанию услуг в отдалённых населённых пунктах в отделениях национального почтового оператора, вкладчикам фонда за 5 месяцев 2021 года в отделениях почтового оператора было оказано 6 798 услуг, что почти в три раза больше, чем в прошлом году. Отметим, что в подразделениях «Казпочты» можно произвести следующие виды операций:

- подать заявление об изменении (дополнении) дополнительных реквизитов вкладчика (получателя) (реквизиты удостоверения личности, номер телефона, электронный и почтовый адреса);
- подписать соглашение об изменении (определении) способа информирования (в том числе для получения доступа к услугам АО «ЕНПФ» в электронном формате).

Имеются в ЕНПФ и отделы выездного обслуживания. Они работают с соблюдением строгих санитарно-эпидемиологических мер, при этом осуществляется предварительная консультация (в том числе проверка на возможность получения услуг онлайн). В случае возникновения потребности в выездном обслуживании для оформления заявлений об открытии индивидуальных пенсионных счетов по учету обязательных профессиональных пенсионных взносов (в том числе заявлений о присоединении к договору о пенсионном обеспечении за счет обязательного профессионального пенсионного взноса) и обслуживания вкладчиков (получателей), относящихся к категории социально-уязвимых слоёв населения (лица, имеющие инвалидность 1 и 2 группы), специалисты Фонда осуществляют выезд с соблюдением всех санитарно-эпидемиологических мер. В ходе выездного обслуживания на 1 июня 2021 года было осуществлено 28 018 операций.

Особое внимание ЕНПФ уделяет предоставлению качественных консультационных услуг и развитию информационных каналов для вкладчиков и получателей Фонда. Так на 1 июня2021 года количество обращений вкладчиков по каналам обратной связи увеличилось вдвое по сравнению с показателями годом ранее. В текущем году было около 819 тыс. обращений, а в прошлом 2020 году всего558тыс. обращений. Таким образом, рост составил 46,9%.

Напоминаем, получить консультацию вкладчики и получатели ЕНПФ могут в call-центре по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), а также консультации можно получить на корпоративном сайте www.enpf.kz, посредством чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18 и на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter,Telegram, Одноклассники.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)

ЗАКОН И МЫ

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ЭЛЕКТРОННОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

В Казахстане проблема разработки концепции электронного судопроизводства приобрела особую актуальность в связи с реализацией Стратегии-2050, направленной на дальнейшее продвижение судебной реформы в Республике Казахстан.Электронное судопроизводство предусматривает формирование самостоятельной и независимой судебной власти как одной из ветвей государственной власти в Республике Казахстан. Оно также предусматривает повышение эффективности и качества правосудия, достижение открытости и прозрачности судебной системы, усиление гарантий самостоятельности судов и независимости судей как непременных условий обеспечения функционирования демократического правового государства, приведение законодательства Республики Казахстан в соответствие с нормами международного права и международными стандартами в области прав человека. Это все что в конечном итоге должно привести к повышению качества взаимоотношений государства и общества.

В нашей республике в настоящее время все суды вооружились новейшими технологиями. Благодаря этому иски можно подавать не на бумаге, а в электронной форме. В том случае если у стороны отсутствует компьютер или интернет, то у него остается право выбора — доверить жалобу бумаге или компьютеру.Надо подчеркнуть, что государство, внедряя информационные технологии в судебный процесс, реализуя модели электронного правосудия в целом, в основу ставит в качестве стратегической задачи - доступность правосудия.

Надо отметить, что не менее важным является то, что сторона вправе в электронном виде подать и электронное заявление-замечание в строго отведенные сроки. Примечательно и другое, участники сторон или их представители вправе знакомиться с протоколом судебного заседания и подать замечания на протокол в письменном или электронном виде, удостоверенные электронной цифровой подписью.

В кончном счете, горы бумаг, которыми обрастает любое дело, проходя по инстанциям, должны уйти в прошлое. Электронные технологии делают правосудие не только удобным, но и более открытым.

Нуржан КАДЫРБЕК,
судья СМУС Алматинской области.

Предъявить иск - это значит обратиться в суд с заявлением, в котором должна содержаться просьба к суду о рассмотрении возникшего спора о праве. Однако, чтобы было возбуждено гражданское дело, недостаточно только подачи в суд искового заявления. Судья должен решить вопрос о принятии его к производству суда в соответствии с законом.

ПОРЯДОК ПРЕДЪЯВЛЕНИЯ ИСКА

В новом ГПК расширен и изменен состав условий реализации права на предъявления иска. Однако, практически форма и содержание искового заявления оставлены прежними, внесено изменение о том, что при подаче искового заявления в заявление должно быть указаны сведения о соблюдении досудебного порядка обращения к ответчику, если это установлено законом или предусмотрено договором.

По новому ГПК к исковому заявлению необходимо прилагать документ, подтверждающий направление ответчику или его представителю, третьим лицам копии искового заявления и приложенных к нему документов; документы, подтверждающие соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если этот порядок установлен законом или предусмотрен договором; ходатайства истца об истребовании доказательств, если доказательства находятся у ответчика или третьего лица; копии устава, свидетельства или справки о государственной регистрации (перерегистрации), если иск предъявлен юридическим лицом.

Предусмотрено, что в случае не соблюдения требований к форме и содержанию искового заявления, а также к требованиям по предоставлению документов, в частности документа, подтверждающего направление ответчику или его представителю, третьим лицам копий искового заявления и приложенных к нему документов; документа, подтверждающего уплату государственной пошлины; доверенности или иного документа, удостоверяющего полномочия представителя; документа, подтверждающего соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если этот порядок установлен законом или предусмотрен договором;

иск подлежит возвращению.

Гани КАМАЛ,
ведущий специалист
Талдыкорганского городского суда.


Подготовил Ш. ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

XVI ЖАЗҒЫ ПАРАЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ

ПАРАЛИМПИАДАШЫЛАРҒА СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ПАРАЛИМПИАДА ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ. ПРЕЗИДЕНТ СПОРТШЫЛАРДЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДА АЛҒАШ РЕТ ПАРАЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА 25 ЖОЛДАМА ҰТЫП, БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕГЕ ҮЛКЕН ҚҰРАММЕН АТТАНЫП БАРА ЖАТҚАНЫН АТАП ӨТТІ. ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АЙТУЫНША, ПАРАЛИМПИАДАШЫЛАР - ҚАЖЫМАС ҚАЙРАТ ПЕН ҚАЙСАРЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ.



"Әлемдегі жүз мыңдаған спортшының арасынан үздік шығып, осы ойындарға жолдама алу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сіздер бұған табандылық пен кәсіби дайындықтың арқасында қол жеткізуге болатынын дәлелдедіңіздер. Демек, әрбір пара спортшымызды қазірдің өзінде жеңімпаз деуге болады. Өздеріңізді барша отандасымыз мақтан тұтады", - деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздегі пара спорт түрімен айналысатын азаматтарға мемлекет тарапынан қолдау жалғаса беретінін айтты.

"Бүкіл еліміз бойынша 20 мыңға жуық азамат пара спорт түрімен жүйелі түрде айналысады. Соның ішінде 500 спортшы ұлттық құрама сапында өнер көрсетеді. Біз паралимпиадалық спорт түрлерін дамыту үшін қажетті жағдайды жасай береміз. Қазір өңірлерде 16 арнайы клуб пен мектеп жұмыс істейді. Осы ретте, Нұр-Сұлтан қаласында 2018 жылы ашылған Паралимпиадалық жаттығу орталығын ерекше атап өткен жөн. Заман талабына сай жабдықталған мұндай орталық АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Оңтүстік Корея елдерімен қатар біздің елордамызда да бар. Спорт саласы барлық азаматымыз үшін бірдей қолжетімді болуға тиіс. Осы орайда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру мемлекет міндеті екенін баса айтқым келеді", - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Ұлттық паралимпиада құрамасы осыған дейін бұл ойындардан екі алтын және екі күміс медаль жеңіп алған болатын. Бұл жетістіктерді спортқа деген сүйіспеншілік пен ерен еңбектің нәтижесі деп бағалаған Мемлекет басшысы құрама команда мүшелеріне зор сенім артты.

Парадзюдодан Азия чемпионы, Әлем кубогының иегері Теміржан Дәулет мемлекеттің тиісті қолдау көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне ұлттық құрамадағы спортшылар атынан алғыс айтты.

"Биыл - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл. Мен тәуелсіздіктің құрдасымын. Азат елде туып-өскен мен сияқты жастардың арман-мақсаты - көк байрағымызды биікте желбірету. Бапкерлеріміз жан-жақты дайындалуымызға зор еңбек сіңірді. Токиода бар күш-жігерімізді саламыз", - деді спортшы.

Паратаэквондодан екі дүркін әлем чемпионы Нұрлан Домбаев спортшылардың жаттығуына жақсы мүмкіндік жасалғанын айтты.

"Параспортшылардың тұрақты түрде оқу-жаттығу жиындарын өткізуіне жағдай жасалды. Өзім Қазақстанның үш қаласында дайындалдым. Қатарымызда шетелде жаттыққандар да бар. Соның нәтижесінде Риоға он спортшы ғана барса, биыл қатарымыз екі еседен асты. Паратаэквондо паралимпиада ойындарына алғаш рет енгізіліп отыр. Ұлтымызды ұйыстырып, халқымызға жігер беретін жеңіске жету - басты мақсатымыз", - деді Нұрлан Домбаев.

Ұлттық паралимпиада комитетінің президенті Қайрат Боранбаев пен ұлттық құраманың пауэрлифтинг бойынша Бас бапкері Артур Томицкий спортшылардың дайындығы туралы мәлімет берді.

Жиын соңында Мемлекет басшысы спортшыларымыздың өнерін бүкіл халқымыз тамашалап, жанкүйер болатынын айтты. Сондай-ақ олардың жеңісі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына тамаша тарту болатынын атап өтіп, ұлт намысы сынға түсетін сайыста сәттілік тіледі.

Akorda.kz

ФУТБОЛ

ҮШ КОМАНДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

ФУТБОЛДАН КОНФЕРЕНЦИЯ ЛИГАСЫНЫҢ ЕКІНШІ ІРІКТЕУ РАУНДЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТКЕН ҮШ КОМАНДАМЫЗ ДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТІП, КЕЛЕСІ КЕЗЕҢГЕ ӨТТІ.



Атап айтсақ "Астана" қарымта ойында грекиялық "Аристі" ұтса, қостанайлық "Тобыл" Хорватияның "Хайдук" командасын ойсырата жеңді. Ал қарағандылық «Шахтер» румыниялық «Стяуа» командасынан басым түсті.

Бірінші кездесуде елордалық команда қарсыластарын өз алаңында 2:0 есебімен тізе бүктірген еді. Бірақ Салоникте өткен ойында алаң иелері 36-ыншы (Димитрис Манос) және 78-інші минутта (Лукас Саша) гол соғып, астаналықтардың жетістігін қайталады. Осылайша ойынның негізгі уақыты 2:0 есебімен алаң иелерінің пайдасына аяқталды. Қуанышымызға орай, қосымша уақытта (овертайм) еліміздің командасы гол соғып, жеңісті жұлып алды. 121-нші минутта Энео Битри мергендігімен танылды.

Ал «Тобыл» өз алаңында Хорватияның "Хайдук" командасын 4:1 есебімен жеңді. Бірінші ойында «Хайдук» екі доп айырмасымен ұтты. Қостанайдағы ойынның алғашқы бөлігінде есеп ашылмағанымен екінші таймда 5 гол көрдік. Қостанайлықтардың сапынан 56-ыншы минутта Душан Йованчич гол соқты. Артынша Игорь Сергеев дубль жасады (61 және 67-минуттар). Қосымша уақытта қонақтар командасының ойыншысы Эмир Сахити есепті қысқартты. «Тобыл» жеңіске деген жігерінің арқасында қарсылас командасының саңлауын тапты. Ойынның 118-інші минутында Асхат Тағыберген «Тобылға» жеңіс сыйлады.

Қарағандылық «Шахтер» мен румыниялық "Стяуа" арасындағы кездесу тартысқа толы болды. Екі кездесудің қорытындысы бойынша (2:2) тең түскен қос команда жеңімпазды пенальти сериясында анықтады. Бұл сында кеншілер 5:3 есебімен жеңіске жетті.

Айдар НАЗАРҰЛЫ

ШАҒЫН ЖАРЫС ӨТТІ

Талдықорғанда шағын футболдан ардагерлер арасында облыстық жарыс өтті. Оған Жетісу өңір бойынша бірнеше команда қатысты. Спорттық шара ауған соғысының ардагері Қуаныш Рахимовты еске алумен қатар 2 тамыз әуе десанты әскерлерінің күніне орай ұйымдастырылды.



«Ауған соғысының ардагері Қуаныш Рахимов ала доптың хас шебері болған. Кейінгі ұрпақты патриоттық тәрбиеге тәрбиелеу мақсатында атқарылып отырған іс-шараға жалғасын табатынына сенемін. Біздің батырларымыздың жолын қуатын болашақ жастар көп болса, нұр үстіне нұр болар еді.» дейді «Әуе десант әскері» аудан соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркін Ерғожанов.

Бұл жарысқа Сарқан, Іле, Ескелді, Қаратал, Көксу, Ақсу аудандары және Текелі, Талдықорған қаласынан ардагерлер жиналды. Олар өзара 2 топта ойын көрсетті. Барлығы жеңіс үшін барын салды. Өйткені үздік ойын өрнегін көрсеткендер облыстық құрамада бағын сынайды. Яғни 8 тамыз күні Тараз қаласында өтетін республикалық турнирға қатысады.

Сарқан қаласы мен Талдықорған қаласы үздіктер қатарына еніп, ақшалай сыйлықтар мен кубоктарға ие болды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

СПОРТ МЕКТЕБІ

1983 жылы іргетасы қаланған «Өркен» спорт мектебінде 37 жаттықтырушы еңбек етеді. Олардың 7-і жоғары дәрежелі, 2- І дәрежелі, 17-ІІ санаттағы бапкерлер. Тағы екеуі ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы.



800 ЖЕТКІНШЕК ЖАТТЫҒАДЫ

Білікті мамандар жаттықтырдың қол астында жаттығатын бала саны 800-ден асады. Салауатты өмір салтын ұстанған ұрпақ, аталған мекемеде спорттың 10 түрімен шұғылданады.

Мектепте спорттық гимнастика, ауыр атлетика, бокс, дзюдо, грек-рим күресімен шұғылдануға арналған арнайы залдар жасақталған. Сондай-ақ, ұзындығы 25 метр болатын 6 жолаққа бөлінген бассейн де жұмыс жасайды. Жаттығудан кейін, ретке келу үшін барлық залдарда себезгі қондырғылары және массаж, дәрігерлік бақылау кабинеті бар.

«Залдар тегістей спорттық жабдықтармен, құрал-саймандармен жабдықталған және спорт залдарына кварц шамдары орнатылған, бұл оқу процесіне спорттың сан алуан түрі бойынша оқу бағдарламаларын игеруге мүмкіндік береді», — дейді ««Өркен» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ директоры Рамиль Мұратов.

Осы жылдар ішінде мектеп спорттық базаны нығайтуда және спортшыларды даярлауда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген. Мектеп ашылғаннан бері 14-спорт шебері, 80-спорт шеберіне үміткер, 46 — І спорттық разрядты және 500-ден астам бұқаралық разрядты спортшы дайындалды. 2019-2020 оқу жылы әр түрлі дәрежедегі жарыстарда 30 алтын, 36 күміс және 44 қола медальді қанжығаларына байлаған.

Данияр САҒЫНДЫҚ

ТОКИО - 2020

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫЛАР АНТИРЕКОРДТЫ ҚАЙТАЛАДЫ



Іріктеу сындарының нәтижесінде 2 боксшымыз ғана жартылай финалға өтті.


Бұндай жағдай тәуелсіздік алған жылдардан бері бір рет қана болған. 2008 жылы Бейжің Олимпиадасында 2 спортшымыз ақтық сындарға шығып, 1 алтын мен 1 күміс еншілеген еді. Қалған Олимпиададарда кемінде 3 жерлесіміз жартылай финалға шығып жүр. Ал, өткен Рио Олимпиадасында көрсеткіш тіпті 5-еуге жетті. Ал, ең нәтижелі Олимпиада деп 2000 жылғы Сидней ойындарын айтуға болады. Қазақстан құрамасы 2 алтын және 2 күміс жеңіп алды. Еске сала кетейік, Токио Олимпиадасында 52 келіге дейінгілер арасында Сәкен Бибосынов пен 91 келден жоғарғылар арасындағы Қамшыбек Қоңқабаев жарысты жалғастырып жатыр. Қалған жігіттер елге қайтты.

24.kz

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

ЖАЛАҢ АЯҚ ЖҮРУДІҢ ОРНЫ БӨЛЕК



Міндетті түрде жалаң аяқ жүру керек! Әрине, көшеде бұлай жүре алмасыңыз анық, ал үйде оған толық мүмкіндік бар. Егер еден суық болса, тым болмаса 10 минут жалаң аяқ жүріңіз. Күніне үш рет осылай жүруге табандылығыңыз жетсе, онда сізді құттықтауға болады. Себебі сіздің өміріңіз ұзарады, ағзаңыз қартаймайды.

Міндетті түрде аяқтың ұшымен, өкшемен, сондай - ақ табанның ішкі және сыртқы жағымен жүру керек. Бұл бұлшық еттер мен аяқ сүйектерін нығайтады, қан айналымын күшейтеді, яғни ішкі ағзалардың жұмысын жақсартады деп жазады «Ауырмаңыз!» газеті. Және бұл өте оңай, тек жалқаулық ғана кедергі болуы мүмкін.

Аяғыңыз бен табандарыңызға массаж жасаңыз және мұны күнделікті әдетке айналдырыңыз. Оны резеңке балғамен немесе бос пластмасса бөтелкенің көмегімен жасауға қолайлы. Біраз уақыттан соң денеде жағымды жылу пайда болады, ал ең бастысы – тыныштық сезімге бөленесіз. Бұл қан айналымын арттырады, аяқты, бүкіл денені тынықтырудың өте тиімді амалы.

Көру қабілетінде өзгеріс бар адамдар күніне бірнеше рет, әр 5 минут сайын аяқтағы екінші және үшінші башпайдың бойын ағаш таяқпен соғу арқылы жеңіл массаж жасауы қажет. Онда көзбен рефлекторлық байланысты аймақтар орналасқан. Қытай дәрігерлері әлі күнге дейін табанның жоғарғы жағында орналасқан юн - цюаиъ деген ерекше нүктеге массаж жасап, сүрту қажеттігін айтады. Оның көзге елеулі әсері бар.

Табан «күмбезінің» ортасында – саусақтардың артында да ерекше нүкте бар. Бұл массажды құрғақ әдіспен орындауға болады, яғни 20 рет осы нүктені үзіліссіз, салмақ салмай, екі аяқты кезек - кезек жерге алдын - ала қойылған шағын ғана пластмасс допқа немесе басқалай затқа табанды тірей басасыз.

Денсаулыққа оң әсер ететін массажды ылғал түрде жасауға да болады. Ол үшін тегешке (ваннаға) 38 С жылылықта су құйып, аяқтарыңызды саласыз. Терінің қызарғанынша күтіп, кейін юн - цюанъ нүктесін 80 рет үздіксіз массаждық қимылмен басыңыз. Одан да жақсы әсерге қол жеткізгіңіз келсе, осы процесстен кейін табандарыңызды 3 - 5 минут көлемінде қолмен уқалаңыз.

Таңертең ұйқыдан тұрғанда табаныңызды баса алмай тұрсаңыз, ол – артрозға шалдыққаныңыздың белгісі. Әлбетте, ревматологқа, ортопедке қаралып, кеңесін алғаныңыз дұрыс болады. Бірақ мына бір әдісті де қолданып көріңіз: табаныңызды кез - келген артрозға қарсы жақпа майлармен (ортофен, ибупрофен, диклофенак) сылап тастаңыз.

Аяқтарымызға ыстық және суық суды кезекпен немесе қарама - қарсы бағытта құю да пайдалы. Бұл тонусты арттырып, қан айналымын жақсартады және қарттықты да «ары қарай итереді».

Және, әрине, көп қозғалу керек, көп жүру керек. Өмірдің мәні қозғалыста!

ТӘМСІЛ

ТОРҒАЙДЫҢ ҮШ ӨСИЕТІ



Бір торғай жем іздеп жүріп құсшының құрған торына түседі. Қолымен қыса ұстаған құсшыдан құтылудың амалын іздеген торғай:

- Мені жібер. Кішкентай ғанамын, жегеніңмен бәрібір қарның тоймайды.

Одан да мен саған өмірлік азық болар үш ақыл айтайын, - дейді.

Құсшы:

- Мейлі, айт. Тыңдайын, - дейді.

- Бірінші ақылымды алақаныңды ашып тұрғанда айтамын. Екіншісін ағаштың бұтағында отырып, ал үшінші ақылымды ұшып бара жатып айтамын, - дейді.

Құсшы келіседі.

Ол алақанын ашқанда:

- Өткен іске ешқашан өкінбе, босқа әуре боласың, - дейді де торғай ұшып кетеді.

Ағаштың бұтағына қонып:

- Енді екінші ақылымды тыңда.

Өз көзіңмен көрмеген нәрсеге ешқашан сенуші болма! - дейді.

- Үшінші ақылыңды айт енді, - дейді құсшы.

Торғай:

- Ей, құсшы, менің жемсауымда сенің алақаныңдай ғауһар тас бар, сойғаныңда әп - сәтте байып шыға келер едің, - дейді.

Құсшы отыра қалып: - Қап, байлықтан айырылып қалдым - ау, - деп санын соғып, өзін - өзі кінәлап өкінеді.

Тоқтамай өзін - өзі жазғырып ұзақ жылайды.


Осы кезде торғай:

- Өткенге өкінбе дедім, ал сен жарты сағат өкініп жыладың.

Көзбен көрмегенге сенбе дедім, сен менің өтірік сөзімді сараламай - ақ сене салдың. Сенің алақаныңдай тас менің ішіме қалай сыяды? Тыңдамайтын адамға айтқан сөз бен кеткен уақыт зая, - деп ұшып кетеді. Торғайдың миындай ми жоқ деген сөз осыдан шыққан.. Енді ойланып көріңізші, осы торғай құрлы болмай, өткен іске өкініп, көзбен көрмегенге сеніп, өміріңізді босқа өткізіп жатқан жоқсыз ба?

АСТАРЛЫ ӘҢГІМЕ

КЕДЕЙ МЕН ДАНЫШПАН



Бір күні жоқшылықтан жадап - жүдеген бір кедей көпті көрген дана қартты жолықтырып:

Айтыңызшы, мен неге осындай кедей болып туылдым екен? – деп налиды.

Данышпан оған:

Себебі, сен адамдарға жомарттық танытпайсың, өте сараңсың, - деп жауап береді.

Бұл жауапқа таң қалған кедей:

Қолымда беретін ештеңем жоқ, тапқаным өзімнен артылмаса, қалай жомарттық танытамын? – дейді.

Сонда қария: Негізі сенің адамдарға жақсылық жасауға мүмкіндік беретін 5 қабілетің бар. Сол мүмкіндіктеріңді оятып, жүзеге асырғаныңда бұлай демес едің, - дейді.

Таң қалған кедей оның қандай қабілет екенін сұрайды. Сонда данышпан:

Біріншіден, өзгелерге жымиып қара, күлімдеп жүр. Алла қаласа, осы арқылы да садақа жасап, сауапқа кенелуіңе мүмкіндік бар;

Екіншіден, айналаңа мейірленіп қара. Олар сенің көзіңнен тек жанашырлық пен жақсылық көретін болсын;

Үшіншіден, сен мылқау емессің, сөйлей аласың. Ендеше, адамдардан жақсы сөзіңді аяма;

Төртіншіден, жүрегің тоқтаусыз соғып тұр. Ендеше, бар ықыласыңмен, жан - тәніңмен беріліп тұрып басқаларға жақсылық тіле. Олардың өмірінің берекелі, тұрмыстарының шырайлы болуы үшін дұға жаса;

Бесінші, аяқ - қолың сау. Ендеше, денсаулығыңды пайдаланып, жұртқа пайдалы істерді атқар. Көмектес, - дейді.

Қарттың бұл әңгімесі кедейді қатты ойландырады. Иә, адамды бай қылатын - дүние - мүлкі мен ақшасы емес, қардай аппақ пейілі мен адал, аппақ көңілі!

Ас мәзірі

ТОСАП ДАЙЫНДАУ ӘДІСІ



Жаз мезгілі келді. Көкөніс пен жемістердің пісіп жатқан кезі. Осы кезде қыз-келіншектер жалқауланбай қыстың қамына кірісуі қажет. Яғни, банка жабуға кірісу керек. Тосап, компот, томат, тұзды қияр, тұзды қырыққабат, әр түрлі салат т.б. айта берсең көп. Ол үшін әрине, ақша жұмсау қажет – банка, қақпақ, көкөністер, қоспалар.

Егер өзің банка жаппасаң, қыстың күні оны екі-үш есе қымбатқа сатып аласың. Оның үстіне өзің қолдан дайындаған ас әрдайым дәмді. Жазда аздап еңбектенсең қыста рақатын өзің көресің. Сонымен іске сәт!

Ең алдымен қазір жидектердің пісіп жатқан кезі сондықтан тосаптың рецептімен бөлісуді жөн көрдім.

Тосап (варенье)

Кез келген жемістің дәрумені өзінде сақталып қалсын десеңіз 5 минут қайнатсаңыз жеткілікті. Осы тәсілмен құлпынай, таңқурай, шие жидектерінен тосап дайындауға болады.

Қажеті өнімдер:

Жидек – 1 кг

Шекер – 1 кг

Лимон шырыны – 4 ас қасық (шиеге қосу қажеті жоқ)

Дайындау тәсілі:

●Жемістердің жуып тазартып алғаннан кейін үлкенірек ыдысқа салып үстіне шекерді салып, 8-10 сағатқа салқын жерге қалдырыңыз.

●10 сағаттан соң жеміс салынған ыдысты отқа қойыңыз, қозғап тұрыңыз.

● Қайнап шыққан соң лимон шырынын қосып және 5 минут қайнатыңыз. Бетіне шыққан көбікті алып тастаңыз.

● Тосап дайын. Стерилденген банкаға құйып жаба беруге болады.

● Қақпағын дұрыс жабылуын қадағалаңыз, бәрі дұрыс болса, төңкеріп қойыңыз сыртын жылы орамалмен орап қойыңыз.

Құлпынай – 1 кг

Шекер – 1 кг

Құлпынайды жуып тазалап алып, үстіне шекерді салыңыз. Қолмен мыжыңыз немесе езгіш құрал пайдалануға болады. Шекер ерігенше 6 - 8 сағатқа қалдырыңыз.

Ыдысқа құяр кезде жақсылап араластырыңыз. Пластик ыдысқа құйып морозильникке салыңыз. Мұндай тәсілмен дайындалған тосап өте пайдалы. Қайнатып отыру қажет емес, уақыт та үнемдейсіз. Тоңазтқыштың морозильнигінде орын жеткілікті болса болғаны.

Осы тәсілмен таңқурайдан (малина) тосап әзірлеуге болады.

Ескерту: Банканы, қақпағын тазалап жуып, кептіріңіз, стерилдеңіз.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС



Жұпар иістің әсері

Адамның көңіл-күйіне кейбір өсімдіктердің иісі тікелей әсер етеді. Айталық, жаңадан шабылған шөп иісінің жан сергітетінін жұрт біледі. Ол сондай-ақ ой - сана шаршағандағы ақыл-зейіннің төмендеуінен де қорғайды екен.

Сондай - ақ цитрус жемістері де хош иісімен адамды сергітеді. Олар ағзада қуат түзіп, оны сақтауға әсер етеді.

Жалбыз иісі тыныс жолдарын ашып, жүйкені сергітеді, жұмысын жақсартады.

Ал лаванданың иісі тыныштандыратын қасиеті бар, ол ұйқысыздықтан құтқарады екен.

Корица иісі есте сақтау қабілетін, зейін - зердені күшейтеді, көздің көргіштігін жақсартады.

Қылқанжапырақты ағаштар иісі адамды тынықтырады.

Адамды мейірімді ететін де иіс бар. Ол – ваниль иісі. Сондай - ақ оның жинақылық пен босаңсудың тепе - теңдігін сақтауда да әсері зор.

Асқабақ иісі мен лаванда иісінің қосындысы көптеген ер - азаматтардың құмарту сезімін күшейтеді дейді ағылшын ғалымдары.

Жасмин иісінің жинақы, аңғарымпаз ететін әрі жаман ойлардан арылтатын қасиеті бар екен.

Материалдар massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҰКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: С. ӘЙТЕНОВА

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 754

Индекс 15534